



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Тәрбиелік жарасады қыз балаға

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 37.0
ББК 74.200
Т 29

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Т 29 Тәрбиелік жарасады қыз балаға. Әдістемелік құрал /

Редакциялық алқа мүшелері: *С. Ғаббасов, К.М. Хамчиев, Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Ілиясова, А.Ж. Жанаев, В.О. Мұстафина, Р.А. Абраева*
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-9965-418-99-0

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда 13-18 жас аралығындағы жасөспірім қыздарға берілетін тәрбие жұмыстарының түрлері мен әдістері, ғылыми-педагогикалық негіздері қарастырылады. Олар қыз баланың бойында ибалық, инабаттылық, ар-ұят, әдептілік, әсемдік, көркемдік сияқты рухани құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталады.

ISBN 978-9965-418-99-0

УДК 37.0
ББК 74.200

КІРІСПЕ

Рухани-адамгершілік тәрбие – мәдени құндылықтардың, өмірдің мәні мен мұраттарының жаңғыруы және таралуының маңызды тетігі. Оның үлгілері мен мазмұны ұлттық-мәдени әлемнің ерекшелігімен анықталады.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыру отандық мәдениет пен қоғамның рухани қауіпсіздігін сақтаудың басты шарты ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан-2050» Стратегиясы» Жолдауында, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында, «Жас Отан» ЖҚ ІІ Съезінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, халықаралық конвенциялар мен келісімдерде, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім және ғылым Министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінде берілген нұсқаулар жас қазақстандыққа рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі замандағы қарқынды жаһандану кезінде заманауи байланыс түрлерінің көптілігі (ғаламтор, ұялы телефондар), теледидар, сапасыз фильмдер, құнсыз әдебиеттер мен журналдардың кең қолданылуы салдарынан жастардың тәрбиесіне теріс ықпалдардың әсер ету қаупі арта түскені байқалады. Мұның бәрі білім беру мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау органдарының, ата-аналардың азғындықпен, «жаппай мәдениеттің» теріс әсерімен күресу жолында, жастардың идеологиялық иммунитеттерін, жіті қырағылықтарын арттыруда күш-жігерлерін келешекте де нығайтуды талап етеді.

Сау әрі үйлесімді дамыған ұрпақты қалыптастыру, жастарды ұлттық дәстүрлерге деген адалдылық, жалпы қоғамдық құндылықтарды құрмет тұту рухында тәрбиелеу мемлекеттік саясаттың басымды бағыты болып табылады.

Елімізде бозбалалар мен қыздарға білім беруге, тәрбиелеуге және кәсіби бейімдеуге, олардың спортпен және көркемөнермен шұғылдануға, өзін-өзі шыңдауға барлық жағдай жасалған. Аталмыш мүмкіндіктерді пайдаланатын талапты, жігерлі жастар өз әлеуеттерін тұрақты түрде арттыра отырып, мемлекетіміздің дамуына үлестерін қосады.

Дегенмен қазіргі уақытта тәрбие беру жүйесіне теріс жайттар да өз әсерлерін тигізуде. Оның ішінде түсініксіз рухани-адамгершілік бағыттар; дәстүрлі құндылықтардың күйзелуі; тұрмыс деңгейінің төмендігі, әсіресе, ауылдық жерлерде; өмірге қадам басқан жас ұрпақтың өзін-өзі шыңдаудағы қиындықтар және т.б. бар.

Анасы мен әкесі тұлғааралық қарым-қатынастағы әйел мен ерлер мінез-құлқының бастапқы үлгі-өнегесі болып келеді. Психологтар мен әлеуметтанушылардың көптеген зерттеулерінде бозбалалар мен бойжеткендердің отбасылық өмір туралы ой-елестері, алғашқы ұғымдары өз үйлерінде қалыптасатыны бұрыннан бері анықталған.

Өкінішке орай, отбасы институтына деген жауапсыздық, ересектердің азаматтық пен «мейман» некелерді қолдаулары, ажырасулардың көптігі кесірінен аға

толқын өскелең ұрпаққа теріс өнегелерін көрсетіп, жастарды дұрыс жолдан тайдырады.

Қазақтарда «Қыздың жолы – жіңішке» деген мақал бар. Оның мән-мағынасы: «Қыз бала – әкесінің үйінде қонақ». Бұл нені білдіреді? Әрбір қыз бала ерте ме, кеш болсын, тұрмысқа шығып, отау тігетіні бәрімізге белгілі жайт. Тұрмысқа шыққан жас келіннің мойнына сан алуан міндеттер жүктеледі. Ол жылдар бойы үйдің тазалығына жауап беріп, күйеуінің ата-анасын күтеді, балаларын дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелейтін болады. Осылайша атам заманнан келе жатқан қазақтардың қалыптасқан тұрмыс салты ғасырдан ғасырға жалғасып отыр.

Бүгінгі жас қыздардың еркіндігі әлдеқайда көп. Мәселен, оқумен айналысуға, спортпен шұғылдануға, кинотеатрға баруға болады, әлемді шарлап, дербес кәсіпті құруға және т.б. еркіндігі мол.

Алайда, уақыт қаншалықты өзгергенімен, жас қыздарға қойылатын бір ғана талап, яғни – жақсы тәлім-тәрбие өзгеріссіз қалады.

Өкінішке орай, жасөспірім қыздар ата-аналарының теріс үлгі-өнегесін бойына сіңіретін жағдайлар аз емес, оның салдарынан олар ер адам мен әйел адамның мәнін қате қабылдайды.

Отбасында және білім беру мекемелерінде тәрбиелік міндеттің әлсіреуі байқалып, қыз балаларға арналған сыпайылық, инабаттылық, әдептілік, ибалылық, сыйластық сияқты ежелден қазақтың қызына тән адамгершілік құндылықтарын тәрбиелейтін қыздарға арналған арнайы тәрбиелік-білім беру бағдарламалары жоқ.

Қазақстан үшін ділінің ұқсастығы, әлеуметтік-мәдени дәстүрлерінің ортақтастығына орай Орта Азиялық мемлекеттердің қыз баланы тәрбиелеу тәжірибесі қызықты болып табылады.

Осылайша Өзбекстандағы барлық білім беру мекемелерінде «Ұлттық тәуелсіздік идеясы мен рухтандыру негіздері» атты пән енгізілген. Ғалымдардың, психологтар мен жетекші мамандардың қатысуымен өтетін «Рухтандыру пәндері» және ашық сабақтар өскелең ұрпақтың өзінің әлеуметтік парызы мен Отаны, елі, мемлекеті, қоғамы мен отбасы алдындағы жауапкершілігін толығымен терең сезінуге жағдай жасайды [1].

Дағыстанда оқушылардың, оның ішінде қыз балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатында мектептің оқу және оқудан тыс жұмысындағы үдемелі халықтық дәстүрлерін жүйелі түрде пайдаланудың амалдары мен тәсілдері анықталып, белсенді қолданылады. Бүгінде дағыстандық педагогика жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталып, жеткіншек жастарды тәрбиелеу үрдісі рухани-адамгершілік құндылықтардың, жалпы адамзаттық пен ұлттық құндылықтардың орнықты негізінде қаланған [2].

Түрікменстанда этнопедагогикаға аса көңіл бөлінеді. Заманауи отбасысындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі көп ғасырлы түрікмендік отбасылық дәстүрлеріне, халықтық әдет-ғұрыптар, қыздардың еңбек және адамгершілік тәрбиесінің тарихи отбасылық дәстүрлеріне сүйену арқылы зор табысқа жетеді деген сенім бар [3].

И.А. Федосееваның «Гендерлік тәсіл негіздегі қазіргі мектептерде білім беру үрдісін үлгілеу» атты диссертациялық зерттеуінде [4] тәрбие беру үдерісінде гендерлік тәсіл мәселесінің жеткіліксіз түрде зерделенгені байқалады. Автор онда жыныстық ерекшелігін ескеру арқылы оқыту мен тәрбие беруде тұжырымдамалық негіздердің жоқтығын, ерлер мен әйелдердің қасиеттері, айрмашылықтары арасындағы шекаралары жойылып, «ер азаматтылық» пен «әйелдік биязылық» мұраттарының өзгеруін, ауысуын белгілейді.

Айталғандарды ескере отыра және халықаралық тәжірибені зерттей келе, зерттеушілердің қазіргі кезеңіндегі қыз балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жеткіліксіз мән беретіні айқын сезіліп отыр. Қыздардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бағытталған ғылыми негіздегі әдістемелері және тәжірибелік ұсыныстары жоқ.

Осыған байланысты ұсынылып отырған жұмыс өзекті болып табылады. Әдістемелік құрал қазақ қыздарына тән ежелден келе жатқан адамгершілік құндылықтарын, яғни сыпайылық, инабаттылық, кішіпейілділік, ардақтылық және т.с.с. тәрбиелік ұғымдарының үлгілері мен әдістерін негіздеуге бағытталған.

Мақсаты – оқытушылар мен ата-аналарға жасөспірім қыздарға және бойжеткендерге рухани-адамгершілік тәрбие беруде әдістемелік тұрғыда қолдау көрсетіп, жұмысқа арналған ғылыми-әдістемелік қағидалардың жүйесін сипаттау.

Міндеттері:

- жасөспірім қыздар мен бойжеткендердің психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие берудің ғылыми-тәжірибелік негіздерін тұжырымдау;
- қазіргі кездегі идеология арқылы отбасылық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау;
- қыздарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің үлгілері мен әдістерін әзірлеп, оларға сипаттама беру.

I тарау.
**ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ҚЫЗ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*«Астың дәмін тұз келтірер, ауылдың сәнін қыз келтірер»
«Ырыс алды қыз»*

Қазақ халқының мақал-мәтелдері

1.1 Қыз баланы тәрбиелеуде дәстүрлі қазақ ұстанымдары

Қазақтарда ежелден-ақ қыз баланы ешқашан кемсітпеген. Қыз бала – болашақ ана, тіршіліктің жалғастырушысы. Қазақ халқында: «Қыздың жолы жіңішке», «Қыз өссе, елдің көркі», «Қызды асырай алмаған күң етеді», «Ата даңқымен қыз өтер», «Қыздың көз жасына қалма» деген мақал-мәтелдері бар. Осылайша қазақтар әрқашанда қыздарын құрметтеп, отбасының ең асыл мүшесі ретінде қабылдаған.

Жүсіп Баласағұнда мынандай сөз бар: «Қыз баланы тәрбиелей отырып, біз тұтас халықты тәрбиелейміз». Ауылдар дәстүрлі түрде халық мәдениетінің, дәстүрлері мен ғұрыптарының ошағы, қайнар көзі. Ауылдың қыздары үлкендерді сыйлап, құрметтей отырып, кішілерге тірек болуға тырысқан. Олар өздерінің туған жерлерін сүйетін, барлық құнды қасиеттерге ие, яғни ежелгі заманнан халықтың арасында қалыптасып, қадірленетін инабаттылық, мейірімділік, еңбекқорлық, үлкендерге деген құрмет қасиеттерімен ерекше көзге түскен. Қыз балаларға балалық шақтан бастап пәктік, ар-ұят сияқты қасиеттерді бойына сіңіріліп, табиғатынан берілген әсемдік пен сұлулыққа тең келмейтін қылықтар мен әдеттерден жат ұстаған [5].

Қазақтарда бұрын ата-анасының үйінен тұрмысқа шыққан қыз бала үйіне еш уақытта қайтып оралмаған. Ата-анасы қыздарының ерте ме, кеш пе өз алдына отау тігіп, адал жар болуын қалаған және ол біржола өзінің күйеуінің үйіне кетеді деп түсінген. Ал, оның некесі сәтті яки сәтсіз болатыны белгісіз болғандықтан, ата-ана өз қызын еркелетіп, көңілін аулап, талап-тілегін бұлжытпай орындап отыруға, назын құптауға әрдайым ұмтылған. Әкесінің үйінде қазақ қыздары өздерін «еркін құс ретінде» сезінген.

Халқымыз қыз баланы әрқашанда болашақ ана, балаларының тәрбиешісі, ошақтың отын өшірмей, оның қорғаушысы ретінде қарастырған. Сондықтан оның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, еңбекқорлығына, ұқыптылығына және үй шаруасына бейімділігіне айрықша мән берген.


Аналары қыздарының сыртқы келбетіне үлкен мән беріп отырған. «Қыздың көркі – бұрым» демекші, аналар ең алдымен қыздарын қынамен жуып, айранды жағу арқылы шашты күтуге үйреткен және оларды бұрымдарын әрқашанда өріп жүруге баулаған.

Халқымыз әрдайым өз қыздарының келбетіне баса мән беріп, әсем, сұлу ретінде көргісі келген. Олар үшін қынама белді қамзол, әшекейленген бешпент, құн-

дызды бөріктер, желбіреуі бар көйлектерді тігіп, биік өкшелі етіктерді жасаған. Сонымен қатар сырғалар, білезіктер, баулар және тағы басқа әшекей бұйымдары да киім-кешекке ерекше сән бере түсіп, оны толықтырып отырған.

Қыздың сыртқы келбетімен қатар ақыл-ой мен мінез-құлқына, оның тәрбиесі мен қылықтарына, жүріс-тұрысына ерекше мән берілетін еді. Оның дәлелі ретінде «Қыз қылығымен жағалды», «Қыздың көркі – инабаттылық», «Бақытты адамның ұлы – өжет, қызы – елпек» деген сөздер тектен-текке айтылмаған болар.

Тұрмысқа шыққан бойжеткен күйеуінің отбасысында өз аулының және ата-анасының ар-намысына дақ түсірмеген. Сондықтан да қыз көру кезінде әдет-ғұрып әндері арқылы («Жар-жар», «Беташар») бата мен ақ тілектерді білдірумен қатар жас келінге өзін дұрыс ұстау жолдары мен мінез-құлық туралы кеңес беріледі, біреуді ғайбаттау мен даттаудан, сырттан сөгуден аулақ болып, үй шаруасында үнемдей білуге, үлкендерді сыйлап, күйеуіне адал жар болуға шақырған.



Қыз балаларды балалық шақтан бастап ата-анасын құрмет тұту, сүю секілді ең басты өсиеттерді ұстануға үйреткен. Әдептілік пен пәктік, тазалық – бұл жақсы келіннің бойына тән қасиеттер. Қыздың абыройлығы оның сыртқы келбетінен де жоғары бағаланып отырған, ал ізгілігі мінезінің ең жақсы жағы болып есептелген болатын. Сонымен қатар ақыл-ойы, парасаты, инабаттылығы, ұстамдылығы, әдептілігі, шыншылдығы, адалдығы, адамдармен тіл табыса алуы, жүзінің жарқындығы, яғни «өнегелі тәрбие көрген қыз бала» ұғымын қамтитын қасиеттер бағаланған. Ата-анасы, үлкен ағалары, қарындастары қыздың бұрыс жолға қадам баспауын қадағалап, оған

жол сілтеп отырған. Ата-анасы үшін абыройынан безген арсыз қыздан ұятты жайт болған емес. Қарабеттілік ұзақ уақытқа ұмытылмай, ал әке-шешесінің жерге үңілуден басқа еш амалы қалмаған.

Сол кезде халықтық тұрмысын құраған әрекеттер болашақ жар мен отбасының анасына да тән еді. Оның ішінде нәзік жанның тамақ әзірлеуге, тігуге, шаңырағында тазалықты ұстауға, малға қарасуға икемі болуы тиіс деген түсінік қалыптасқан. Анасы үшін қызын ұлттық салт-дәстүрлерге үйрету бұлжымайтын міндет саналды. Мәселен, отбасының кез-келген мүшесін қалай атау қажеттігі, ұлттық тағам бесбармақты әзірлеу, меймандарды қарсы алу мен күту, нәрестенің тууына, үйлену тойларына, халықтық мейрамдарды атап өту және жерлеу, ас беру, және т.б. барысында жасалатын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға үйреткен. Ата-бабаларымыздан мирас болып қалған салт-дәстүрлерімізді орындамау халқымызда үлкен көргенсіздік, кешірілмейтін кемшілік саналған [6].

Қазақтың әрбір қызы бойжетіп, есейген кезде нәзік жанның табиғаты және әйелдің міндеттері жөнінде белгілі білім деңгейін игереді. Осылайша ол отбасын құруға толыққанды даяр болған.

Мұндай бойжеткен өзінің табиғатынан берілген әйелдік қуатты басқарудың, сүйіспеншілік сезіміне берік болудың жолын меңгеріп, отбасылық молшылықты арттыруға, бақытты, ошақтың отын сақтауға жауап берген.

Жаңа түскен жас келіннен өз міндеттерін мінсіз орындауды күту дұрыс болмайтыны сөзсіз. Тек жалғыз ғана біліммен шектелу жеткіліксіз, бұл бағытта алдымен жыл санап толысатын тәжірибе зор рөл атқарған. Бірнеше жылдан кейін жас келін отбасысының ардақты бас мүшесіне айналатын. Енді ол өзінің туған қыздарын, немере қыздары мен келіндерін отбасылық өмірдің даналығына және тұрмыс тіршілігін жүргізуге үйреткен.

1.2 Қазіргі қыз балаларға тәрбие берудің мәселелері

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің қазіргі кезеңінде халық тәрбиесінің салт-дәстүрлерін, ұстанымдарын кең түрде пайдаланған жөн. «Өзінің ана тілін, елінің тарихын, мәдениетін білмейтін адамның болашағы қараң» деген сөз халық тәрбиесінің мәнін аша түседі. Сондықтан балалардың бойында халықтың дәстүрлеріне, өткен тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне, ұлттың қолданбалы қолөнеріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу әрбір тәрбиешінің міндеті болып табылады.

Ең алдымен педагог тәрбие басты көздері саналатын әділдік пен мейірімділік, инабаттылық пен кішіпейілділік, сыпайылық пен ибалық қасиеттерін қыз балалардың бойында тәрбиелегені дұрыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біз өз қыздарымыздың тәрбиесіне аса көңіл бөлуіміз қажет. Өткені олар – болашақ жар, болашақ ана, ошақтың отын сақтаушы» деп ерекше атап өткен [7].

Алайда жаһанданудың заманауи үрдісі әлеуметтік өмірдің барлық жақтарына әсерін тигізуде. Тек қана экономика мен саясатқа ғана емес, сонымен бірге адамдардың мәдениеті мен рухани өміріне, оның ішінде жастардың рухани-адамгершілік сипатына да ықпалын тигізуде.

Өскелең ұрпақтың құқықтарын мойындау қарқын ала түсіп, жастардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатысу мүмкіндіктерін артуына байланысты жасөспірім қыздардың жедел түрде бойжетуі, олардың ересектер әлеміне енуге асығуы орын алып отыр. Өкінішке орай, жастардың маргиналдылығы, адамгершілік құндылықтарын жөнді түсінбеулері, торығудың күй-қалыптары, нашарлық, маскүнемдік, ата-аналарының жасөспірімдердің зиян әдеттері мен жыныстық белсенділігі туралы төмен деңгейде хабардар болуы, бұқаралық ақпарат құралдарында және ғаламтор кеңістігінде салауатсыз өмір салтының насихатталуы, жасөспірімдік жүктілік пен түсіктер секілді теріс әлеуметтік құбылыстар мемлекеттік органдар тарапынан және оқу орындар мен ата-аналары жағынан ерекше көңіл аударуды талап етеді.

Қазақстандық ғалым-педагогтармен (Қ. Құнанбаева, Т. Садықов, Ж. Наурызбай, А. Сейбетова, Г. Ұманов, Н. Хмель, Н. Жарықбаева, С. Ұзақбаева, М. Балтабаева және т.б.) жүргізілетін теориялық-әдістемелік зерттеулердің өткізілуіне қарамастан, әлі де мәселелер жойылмай, сақталып отыр.

Бұл бірінші кезекте жасөспірім қыздардың және бойжеткендердің адамгершілік құндылықтарына бағытталған арнайы тәрбиелік-білім беру бағдарламаларының жоқтығы кесірінен болып отыр.

Адамгершілік тәрбиесі – бұл жеткіншектердің бойында жоғары саналылықты, адамгершілік сезімдері мен адамгершілік қағидаттарына сәйкес мінез-құлықтарын қалыптастыруға мақсатты бағытталған үрдіс [8].

Қыз балалар мен бойжеткендердің бойында қазіргі өмір салтына сәйкес келетін орнықты адамгершілік мінез-құлық пен адамгершілік сезімдерін, белсенді өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлықтың жағымды сипаттарын қалыптастыру, өздерінің әрекеттері мен қадамдарында, қарым-қатынаста қоғамдық парыз сезімін жетекшілікке алуға қолғабыс ету адамгершілік тәрбиесінің басты міндеті болып табылады [9].

Жасөспірім қыздардың бойында жоғары адами түсініктерді тәрбиелеу:

- оқу пәндері;
- факультативті және сыныптан тыс жұмыс;
- ата-аналармен жұмыстар арқылы жүзеге асырылғаны жөн.

1.3 Пәндер арқылы жасөспірім қыз балалардың бойында адамгершілікті, инабаттылықты тәрбиелеу.

«Әдеп тәлімінің негіздері» атты факультативтік курстың мазмұны

Нәзік жанның ошақ сақтаушысы ретінде жоғары мәртебесі, оның қоғамдық үрдістерге белсенді қатысуы қыз балалардың санасына оқу барысында тоқылғаны абзал.

Білім беру мекемесінің тәрбие беру жұмысында қыз балалардың жалпы жағымды дамуына, тұлғаның бойына адамгершілік қасиеттерді дарытуға, оның құндылық бағдарларының тұрақтылығына жол ашатын жүйелі тәсіл маңызды орын алады. Бұдан бірінші кезектегі міндет шығады: оқушылардың адамгершілік тәр-



биесінің терең ойластырылған жүйесін және оның тұжырымдамалық негіздерін даярлауды талап етеді.

Өкінішке орай, педагогикалық күш-жігер көбіне оқушылардың ауытқитын мінез-құлқын алдын алуға және онымен күресуге, мектептік іс-әрекеттің бір мезеттік ұйымдастыру мұқтаж-дықтарын өтеуге жұмсалады.

Бұл орайда білім беру үрдісінің жалпы тұтастығы балалардың тәрбиелік бағыттары түрінде айқын көрінісі табуы маңыздылыққа ие болатыны сөзсіз.

Бұл өз кезегінде мектептің оқу-тәрбие үрдісіне тәрбиелік сипаттағы айрықша пәннің ендірілуін талап етеді. Адамның өмірлік іс-әрекетіндегі басты қағидалар туралы оқушылармен

сұхбат оның негізіне айнала түспек. Әдеп пәні де адам болмысының құндылықтары, адамдардың өміріндегі мейірбандық пен зұлымдық туралы ғылым ретінде аса сұранысқа ие. Оның тәрбиелік әлеуетін шамадан тыс бағалау мүмкін емес.

Әдеп сабағы оқушыға тіршіліктің сақталуы мен негізі ретінде адамгершіліктің пайда болуы мен қалыптасуының жалпы адамзаттық тәжірибесі жайлы хабардар етуге, мағлұмат беруге ықпал етеді. Оның арқасында өскелең ұрпаққа тіршілік, көп ғасырлар бойы адамның алдында тұратын және оңай шешілмейтін болмыстың мәңгілік мәселелері жөнінде сұхбаттасуға, диалог құруға мүмкіндік беріледі.

Этиканың өзі руханият пен мәдениеттің өзегін қалыптастыратын адамгершілік құндылықтарының табиғатын, адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары мен әдептілік негіздерін жете ұғынуға жағдай жасай алады.

Әдеп ұрпақтардың адамгершілік тәжірибесін және этикалық ойларды дамытудың барлық тарихында адамзатпен құрастырылған адам өмірінің адамгершілік заңдылықтарын өзіне шоғырландырып, оларды әрбір жаңа буынның игілігі ретінде қолжетімді етеді. Ал бұл өз алдына қыз балалардың этиканы зерттеп білу ба-рысында әдеп білімдерін өзінің өмірлік іс-әрекетіндегі жеке тұлғалық мәніне айналдыруға, ал педагог үшін адамгершілік бағытында өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі тәрбиелеу тұрғысында тұлғаны ынталандыруға мүмкіндік береді.

Этиканың тәрбиелік міндеттерін кезінде П.А. Кропоткин нақты анықтаған болатын:

- адамгершілік бағытында әрекет етіп, адамның ең озық мұқтаждықтарын өтеуге ұмтылу;
- адамдар қоғам болып өмір сүре алмаған жағдайда, бастапқы және негізгі қайнар көздерін анықтау мен ұғындыру;
- жоғары сезімдерге шақыру: сүйіспеншілік, инабаттылық, мейірімділік, бауырластық, өзін-өзі сыйлау, үлкендерді құрметтеу, өмірді қадірлеу;
- өзгелердің мұқтаждықтары мен қажеттіліктерімен есептеспеу мүмкін емес деген ойға келу.

Сондықтан да қыз балаларға адамгершілік тәрбие беруде алмаспайтын этикалық курстың қажеттілігі туындап отыр. Бұл курс мінез-құлық, жүріс-тұрыстың әдістері мен үлгілерін саналы таңдауға, оқушылардың ересектермен және құрдас-тарымен мектепте, қоғамда, айналадағы ортада қарым-қатынас жасауға әдептілік бағдар береді.

Жоғарыда баяндалған жайттардың негізінде оқушылардың этикалық грамматикадан бастап (1-7 сыныптар) біртіндеп дәйекті түрде оның өзіне (8-9 сынып-тары) және қазақтың әдептілік нақыл ойларының даму тарихы курсына көшетін этика саласы бойынша факультативтік курсты енгізуді ұсынамыз. Біздің ойымыз-ша, жеткіншек қыз балаға адам өмірінің нақты құндылықтарын ұғынуға, олардың өз өміріндегі рөлін сезінуге, болмыстың мәні мен мағынасы жөнінде сауал қоюға, ойластыруға едәуір көмек беретін пән болмақ. Ұсынылып отырған факультативтік курстың «**Әдеп тәлімінің негіздері**» деп аталуы және мектепте тәрбие берудің арнайы қосымша курсы ретінде енгізілуі де мүмкін.

Ойындық-желілік және тұлғалық бағытталған негіздегі диалогтік педагогика ұстанымдары бойынша құрылған аталған курс педагогикалық әдіс-тәсілдер мен амалдардың мол тәрбиелік әр алуандылығын жинақтай келіп, оларды топтап, балалардың рухани-әдептілік тәрбиесін көлденең (оқу процесі, сабақтан тыс тәрбие іс-әрекеті, сабақтар арасындағы үзілістер сабақ арасындағы кеңістік саласы ретінде) және тік (этикалық грамматикадан бастап қазақ әдептілігіндегі нақыл ойлардың даму тарихына дейін) үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Оны мектептің оқу-тәрбиесі жүйесіне енгізе отырып, тәрбие пәні ретінде мәртебесін бекіту арқылы қыз балалардың сыныптан сыныпқа көшуде адамгершілік тұрғыда бойжетуін ынталандырады.

Этикалық грамматика курсынан басталатын қыз балалардың әдептілік-адамгершілік тәрбиесі үрдісінде алғашқы кезеңнің назарға алынуы айтарлықтай маңызға ие. Оқу жылының тоқсандарына сай аталған курстың төрт бөлімі бар, оған адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының барлық қырлары кіреді: тілдесу әдебі, этикет, адамдар қарым-қатынастарының әдебі, ұжымдағы қарым-қатынас әдебі.

1-бөлім – баланы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасының әр алуан нормаларымен таныстырады. Балаларды практикалық формалары жағынан әр алуан жаттығуларға, ойынға, шығармашылыққа, тәжірибеге тарту арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында тәрбие нормаларын қалыптастырады.

2-бөлім – оқушыларды этикетпен таныстырып, оларды «жақсы мінез» ережелерін қолдануға, яғни қонақта, қоғамдық орындарында, үлкендер мен кішілермен, қалыптан тыс жағдайларда өзін дұрыс ұстауға үйретеді.

3-бөлім – айналадағы қоршаған ортамен және тұтас әлеммен қатынас жасаудың әдептілік нормалары жөнінде. Оның мазмұны арқылы балалардың өзгенің сезімін ұғынуға, өзін-өзі сыйлауға, өзіндік абырой сезіміне, эмпатия (өзге адамның сезімін ұғыну, сезісу) сезімдерінің дамуына мүмкіндік береді.

4-бөлім – ұжымдағы қарым-қатынас әдебі туралы, себебі адам әр уақытта кез келген ұжыммен әлеуметтік қатынаста болады. Осы бөлімнің мазмұны мен әдіс-

намасы өзгені түсіне білуге және әрбір балаға өзін шыңдау үшін қарым-қатынас орната білуге бағытталған.

8-сыныпта этикалық грамматикадан әдеп сабағына көшу әдеп мәдениеттінің негіздерін үйренген және бойжеткен жасөспірім қыз балаларға педагогпен және құрдастарымен диалогтік қатынас кезінде этиканы тереңірек оқуға жағдай жасайды.

10-шы және 11-шы сыныптағы «Қазақтың әдеп нақылдары ойларының даму тарихы» курстары диалогтік өзара қатынас алаңын кеңейтуге мүмкіндік береді. Оған әлемдік және қазақ ойшылдарының еңбектерін қосу арқылы қыз балаларға өз халқының адамгершілік құндылықтарының беріктілігіне көз жеткізіп, әлемге және өз-өзіне деген көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

II тарау.

ҚЫЗ БАЛАЛАРҒА ЖӘНЕ БОЙЖЕТКЕНДЕРГЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Балалармен әдептілік сабақтарын өткізуде әрбір жас аралығы әдептілік диалогін құрастыру үшін ерекше әдістері мен амалдарын қолдануды, өзара қарым-қатынасты ұйымдастырудың психология-педагогикалық тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Енді, біздің нысанды тобымыздағы жасөспірім-қыздармен (13-15 жас аралығы) және бойжеткендермен (16-18 жас аралығы) тәрбие беруді ұйымдастыру жұмысына нақты тоқталып өтейік.

2.1 Қыз балаларға (13-15 жас аралығындағы) берілетін сабақты ұйымдастырудың технологиясы

13-15 жастағы жасөспірім қыз балалармен әдептілік сабағын ұйымдастырудың технологиясы ретінде «Этикет дегеніміз не» деген тақырыптағы сабақ сеп болуы мүмкін.

«Этикет» сөзі карточка, «заттаңба, затбелгі» деген атаудан шыққан. Бұл карточкаларға өзін дұрыс ұстаудың, дұрыс жүріс-тұрыстың ережелері жазылған болатын. XIV-XVII ғасырларда этикет ережелерін орындау өзін-өзі дұрыс ұстау әдетінен хабардар адамның ерекше қасиеті болатын.

Жағдай 1

Мынандай жағдайды көз алдымызға елестетейік. Қыз бен жігін көшеде серуендеп келе жатыр. Көшенің бір жағында тұрғын үйлер орналасса, басқа жағында көліктер қатынайтын жол бар.

Сұрақ: жігіт жолдың қай жағында жүргені дұрыс? (Жол жағынан).

Оқушылар жігіт пен қыздың рөлдерін сомдайды.

Жағдай 2

Сұрақ: қарт адаммен, ер адаммен, әйел адаммен, өзіңмен тең құрбыңмен қалайша амандасу қажет? (Жасы кіші жасы үлкенге сәлем береді, ал қол алысу үшін бірінші болып жасы үлкен қолын ұсынады, егер жасы үлкен кісі қолын ұсынбаса, онда жасы кіші де қолын ұсынбай, жай амандасады. Егер ер адам мен ер адам амандасатын болса, онда жоғарыда сипатталғандай, сәлемдесу рәсімі өтеді, ал егер ер адам мен әйел адам бір-бірімен амандасатын болса, онда әйел адам бірінші болып, қолын ұсынады. Егер де құрдас адамдар бір-бірімен амандасатын болса, онда бірінші болып, сыпайылық танытатын адам сәлемдесуі қажет. Өзіңе қолын ұсынып тұрған адамның сәлемін алмау, үлкен қиянат болып саналады).

Тапсырманы орындауға берілген уақыт аяқталған соң, кезекпен топтардың жауаптары тыңдалады.

Жағдай 3

Сіз қошемет сөздер туралы не білесіз. (*Қошемет сөз (комплимент) – сыпайы, ізетті, жағымды сөздер*).

Сұрақтардың тобы ұсынылады.

1 топтағы сұрақтар

1. Қошемет сөзінің мәні неде?

а) өзге адамның ерекшеліктері мен қасиеттерін асыра айтуда, осылайша, оның жағымды қасиеттерін ынталандыру;

б) бұрмалаусыз мадақтауда;

в) дәріптеу мен мадақтайтын кісіге өзінің ықыласынды аңғаруда.

2. Қошемет сөздері жататын түрлердің қайсысын артық санайсыз?

а) тікелей қарым-қатынас арқылы;

б) үшінші тұлға арқылы;

в) телефон арқылы;

г) жазбаша түрде.

2 топтағы сұрақтар

1. Бір ғана себеппен бірнеше қошемет сөзді айтуға бола ма?

а) әрине, бұл сөзіңізден қалған әсерді тереңдей түседі;

б) қажеті жоқ, қайталанбас үшін.

2. Егде жастағы адамдарға қошемет сөздерін білдіру орынды ма?

а) жоқ, бұл ерсі көрінеді;

б) орынды, бірақ инабатты және жинақы түрде;

в) барлық жағдайларда орынды келеді.

(*Жауаптары: 1 топтағы сұрақтар: 1-б; 2-а; 2 топтағы сұрақтар: 1-б; 2-б.*)

Жағдай 4

Гүлдерді қалай сыйлау және қабылдау қажет.

Үстелдің бетіне гүлдерді жайып тастастаған жөн (оларды қағаздан да қиып алуға болады): үлкен және кішкентайлар, ашық және қою түстер, ашылғандар және гүл қауыздары; орау қағазын қолданады және құмыраны қояды.

Ол үшін 2 адам қажет: олардың біреуі гүлді тандап, екіншісіне сыйлауы тиіс. Екіншісі басында қарт адамның рөлін ойнап, кейін ардагердің, ер адамның, әйел адамның, ұл бала, қыз баланың, бойжеткеннің рөлдерін ойнап береді.

(Балалардың берген жауаптары: егде адамға құмырадағы гүлдерді сыйлауға болады. Өйткені, ол ұзақ уақыт бойы мейрам туралы еске салатын болады; ардагерлерге, әдеттегідей, қалампыр гүлдерін ұсынады; жастарға гүл ұсынылмайды; ер адамдарға, әдетте, гүл сыйламайды, егер сыйлайтын болса, онда үлкен және қою түсті ұсынады; бойы аласа әйел адамдарға кішігірім және ашық түсті гүлдер, ал бойы биік әйел адамдарға үлкен, ашық түсті гүлдерді сыйлауға болады; қыз балаларға гүлшанақ гүлдерін; ал ер балаларға қою түсті гүлдерді (қожағай, шегір-гүлдерін), қыз балаларға – ашық түсті (алқызыл) гүлдерін ұсынуға болады. Гүл сыйлаған кезде оның тақ санға сәйкестігін назардан шығармаған дұрыс. Сонымен қатар гүлдерді сыртқы мұқабасыз, орамсыз сыйлайды).

Жағдай 5

Қонақтарды күту. Бұған 5 адам көмектесе алады. Рөлдерді үлестіреміз: қожайыны, оның жары, жарының құрбысы, қожайының досы, кіріп келуші.

Енді мынандай жағдайды көз алдымызға елестетейік: кіріп келуші есікке қонырау шалады. Сұрақ: есікті кім ашуы қажет?

(Балалардың берген жауаптары: әдетте, қожайыны есікті ашады, жары асүйіден тек егде, қарт адамдарды (ол құдалар, үлкен адамдар болуы мүмкін) ғана қошеметтеуге шығады, басқа жағдайда асүйде қала беріп, тамақ әзірлей береді).

Жағдай 6

Әр мейрамда әрқайсымыз сыйлықтарды қабылдаймыз және оларды тарту етеміз. Ал оларды қалай таңдаған дұрыс?

Үстелдің бетіне түрлі заттарды шашамыз: кітап, суреттің көшірмесі, қол орамал, қалам, дәптер, және т.б.

Осы жағдайды қарастыру үшін үш оқушы қажет. Рөлдер үлестіріледі: біреуі сыйлықтарды қабылдап, қалған екеуі – оларды ұсынатын болады.

Басты міндет, үстелде жатқан заттардың арасынан сыйлықты таңдап, оның себебін түсіндіру қажет.

(Балалардың жауаптары: кітапты оның мазмұнын ғана біле тұра сыйлаған дұрыс. Суретті сыйлық алатын адамның талғамын жақсы білген жағдайда ғана сыйлаған жөн. Қажетсіз заттарды сыйламаған абзал. Қол орамалын сыйлаған дұрыс емес, себебі бұл араздыққа әкеледі деген ырым бар. Затты сыйлар алдында, бағасы бар белгі таңбасын алып тастаған жөн. Тек қана сатып алынған жаңа заттарды сыйлаған жөн).

Жағдай 7

Біз үстелді әзірлей аламыз ба?

Дастарқан жайылған үстелдің бетіне ыдыс қойылады: тәрелкелер, пышақтар, қасықтар, шанышқы, стақандар, майлық, майлықшалар.

Сіздің алдыңызда үстелді әзірлеу мақсаты тұр.

(Үстелді әзірлеудің дұрыс жолы: әрбір тәрелкенің оң жағынан қасық пен пышақты қоямыз (жүзін тәрелкеге қарай аудару); ал сол жағынан – шанышқыны (тістерін жоғары қарай) қоямыз. Стақанды тәрелкенің қасынан оң жағында қоямыз. Майлықтарды майлықшалардың ішіне қоямыз).

Жағдай 8

Сұрақ-жауап сайысы

Сұрақтар:

1. Үстелдің басында қатты дауыстап сөйлесе ме ? (Жоқ).
2. Сары майды әуелі тәрелкеге салып, содан кейін жаға ма? (Иә).

3. Жасы үлкен қазақтың әйеліне сыпайы түрде қалайша қаратып сөйлейміз? (Апа, әже).

4. Жасы үлкен қазақтың ер адамына сыпайы түрде қалайша қаратып сөйлейміз? (Аға, ата).

5. Тоқаштарды, кептірілген нанды, жеміс-жидектерді қолымызбен аламыз ба? (Иә).

6. Ал енді, екінші топқа арналған сұрақтар басталады: нан шанышқымен алына ма? (Жок).

7. Наурыз-көженің құрамын атап беріңізші (міндетті түрде 7 компоненттері: су, ет, тары, бидай (арпа), тұз, айран, пияз).

8. Мейрамдағы қазақ үстеліндегі тағамдарды атап беріңіз (*бесбармақ, бауырсақ, қуырдақ, жент, ірімшік, талқан және т.б.*).

Мұғалім соңғы сайыстың нәтижелерін шығарады.

Әдеп сабағы осымен тәмәмдалады.



Қорытынды бөлімінде әдеп сақтауға байланысты халқымыздың мақал-мәтелдерін, ғұлама ойшылдарымыздың нақыл сөздерін, қанатты сөздерін келтіруге болады (қатысушылардың саны – 10 адам).

Бұл орайда педагог балаларға адамгершілік ақиқаттарды түсіндірмей, ортақ ізденіс барысында олардың өздері тиісті қорытынды шығаруға септесуі маңызды болып табылады. Сондықтан да әдеп сабағы – әңгімелесу емес, негізінде ағартушылық емес, этикалық түсініктерді қабылдайтын іс-әрекеттік үлгі жатқан сабақ болып табылады [10].

Жеткіншек шақта әдеп сабағы жасына сай өмірлік тәжірибе бойы жинақталған адамгершілік туралы көзқарастарының жинақтаушысы бола алады.

Жасөспірімдермен әдептілік тәлімін өткізудің технологиясы қыздардың күнделікті өмірлерінде туатын мәселелерден шығады. Осыған орай, әдеп сабағы

барысында қыздардың адамгершілік тәжірибелерінің эмоционалды сезімдерінен өткізу мен байытылу процесі тұрғысынан жасөспірімнің қоршаған ортамен үздіксіз дамып отыратын диалог ретінде өтеді.

Мәселен, 13-15 жастағы қыз балалар арасында **«Өзгеге жақсылық тілей отырып, өзіңе бақыт сыйлайсын»** тақырыптағы диалог әдеп сабағының арқауына айналуы мүмкін.

Аталған сабақ екі кішігірім эксперименттен басталады.

Алғашқысында қыздарға бір минут уақыттың ішінде парақтың бетіне кез-келген сөздерді жазу ұсынылады. Ол сөздер жазылып болғаннан кейін, мұғалім барлық тізімнен адамгершілікке қатысты сөздердің астын сызуға тапсырма береді. Жұмыстың соңында өз қалаулары бойынша тізімді дауыстап оқып берем дегендер адамгершілік бағыттағы сөздерді тізіп береді.

– Біз осыдан қандай тұжырым жасай аламыз?

– Иә, біздің өміріміз бен ойларымыз адамгершілік мәселелері мен міндетті түрде жанасып отырады. Қалай ойлайсыздар, неліктен?

Мінекей, сұхбат басталып кететін байланыс осы. Адамгершілік мәселелеріне жасөспірімдер өздері тап болды, олар өздерінің тәжірибелерін, өздерінің ойларын талдап шықты. Педагог бұл жерде тәжірибе өткізу арқылы балаларды бағыттап, оларды нақты қорытынды жасауға итермелейді.

Бұл мақсатты педагог басқа тәжірибе арқылы белсендете түседі, оқушыларға 10 сын есімдерін жазуға ұсынып, осылайша қыздармен тәжірибеден шыққан қорытынды жөнінде диалог құрастырады.

– Сіздер тәжірибенің нәтижелері бойынша қандай қорытынды шығара аласыздар?

– Дұрыс, өздеріңіз жаңа ғана көз жеткізгендей, адам ойының көптігінің арасынан адамгершілік мәселелері, адамгершілікті бағалау, қарым-қатынас әдебі маңызды орын алады. Ал мұның бәрі жүріс-тұрыста қалайша іске асырылады?

– «Өзгеге өлім тілеме, өзіңе өмір тіле» демекші, өздеріңнің іс-әрекеттерінде айналадағыларға тек қана жақсылықты тілеп отыру қажет. Сіздер аталмыш мақалды өздеріңіздің жүріс-тұрыстарыңызда қолданасыз ба?

Енді, сіздің тәжірибеңізге көз жүгіртейік. Төменде жазылған өмірлік жағдайларда өзіңізді қалайша ұстайтыңызды, мінез-құлқыңызды көрсетіңіз:

Жексенбі күні. Теледидар бойынша сіздің жақсы көретін бағдарламаңыз көрсетілуі тиіс. Алайда, ананыз дәл осы уақытта Сізді кіші бауырыңызбен далаға серуенге шығуға өтінеді. Осы жерде сіз мінез-құлқыңыздың қандай нұсқасын таңдайсыз?

– Бағдарламаны кіші бауырыммен бірге көруді ұсынамын.

– Ең алдымен бағдарламаны көріп алып, кейін кіші бауырыммен далаға серуендеуге шығамын.

– Осы жерде мен анамның өзі бауырыммен қандай себеппен серуендеуге шыға аламайтынын біліп алып, артынан не істейтінімді шешіп аламын.

– Бауырыммен серуенге шығамын.

– Бауырым далаға серуендеуге шыққысы келмеу үшін бағдарламаның созылатын уақытына байланысты қызықты ойын ойластырамын.

Өз таңдауыңызды түсіндіріп беріңіз.

Сынып жетекшісі оқушыларға циркте өтетін Жаңа жылдық шырша кешіне (немесе басқа бір жергілікті іс-шараға) қолда тек 18 билеттің бар екенін хабарлайды: «Сендер 35 адамсындар. Мен сендерге қайсыларың бармайсындар деп айта алмаймын. Өздерің араларыңнан шешіп алындар. Өз еркімен бармаймын дегендер қол көтерсін немесе өздерің бұл жағдайдан қалайша шығу керек екенін айтындар». Сен не істейсін?

– Реніш болмасын деп жеребе тартуды ұсынамын.

– Дауыс беру арқылы мәселені шешуді ұсынамын.

– Осы билеттерді оқуда озық және қоғамдық тұрғыда белсенді оқушыларға тапсыруды ұсынамын.

– Бармаймын деп қолымды көтеремін.

– Топтарға бөлуді ұсынамын, топтағылар өздері лайықтыларын шешіп алады. Таңдаған нұсқаңызды түсіндіріп беріңіз.

Балалар Жаңа жылға қойылым дайындап жатыр. Барлығы бас рөлді сомдағысы келеді. Сіз мұғалімге балалардың арасында рөлдерді қалайша үлестіруге кеңес берер едіңіз?

– Бас рөлдерді өздерінің қабілеттерін көрсеткен балаларға ұсыну.

– Бас рөлдерді ниет танытқандарға ұсыну.

– Бас рөлдер бір рет те еш жерге қатыспағандарға берілсін.

– Жеребе тартамын деушілерге берілсін.

– Қойылымға қатысушылар өздері шешсін.



Қыздар нұсқауларды жазбаша түрде таңдайды, өйткені педагог барлық бағыттарды сараптап-талдауы қажет.

Жасөспірім-қыздарды адамгершілік таңдауға тереңдету, оларға сан алуан мінезді өзінің тұлғасымен және өзінің тәжірибесімен арақатынас жасауға үйретіп, өзінің таңдауын талдау арқылы – саналы жасалған қадамның адамгершілік жағын таразылап, оны ойдан өткізуге мүмкіндік береді. Бағалау үшін бағдарлардың ұсы-

нылу қажеттілігі басты мәнге ие болады. Ұғынудың осындай түрі оқушылардың «ойлау» процесін ұштастырады.

Қыз балаларға таңдалған шешімдерді келесі бағаналар арқылы анықтауды ұсынамыз: өз-өзіне, өзгелерге, ұжымы үшін және отбасысы үшін.

Бұдан не шықты? Қыздар кімнің жағына шықты? Олар «Өзгеге жақсылық тілей отырып, өзінді бақытты қыласың» халық даналығымен қалайша үндеседі.

Талдап көрейік. Іс-әрекеттің қандай нұсқасы мейірімділікті, инабаттылықты, сыпайылықты және сыйластықты білдіреді.

Мұндай талдау өте маңызды, өйткені, жасөспірімдер белсенді диалог үрдісінде мейірбандылық деп нені айтамыз сауалына жауап іздейді, оны санадан өткізеді.

Диалог барысында жасөспірімдермен әділ шешім әрдайым мейірімге толы келе ме дегене тақырыпта әңгіме құру қажет. Қыздар ойланып, өздерінің ойларын білдірсін. Өйткені, жеребені тастау, ешкімді ренжімейтін, бірдей жағдайға тіреу дегенді білдіреді. Алайда, бәріне бірдей жағдай құру – бұл мейірімге толы шешім емес қой. Мүмкін, дәл осы мейірімділік үшін ресми бәріне тең беретін әділдіктен бас тарту қажет шығар.

Әңгіменің қисынды байламына келе, қазақтың мақал-мәтелдерін, әлемдік ойшылдарының әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, М.Қашғари сияқты ғұлама ғалымдарының нақыл сөздерінен, дәйексөздерін жазып алған орынды. Олардың барлығы әйел адамның жақсы қасиеттерін жоғары қойып, арлылық, инабаттылық, ибалылық, ұяттылық, кішіпейілділік сияқты қызға ғана тән қасиеттерді жырлаған болатын.



2.2 Бойжеткендерге (16-18 жас аралығындағы) берілетін сабақты ұйымдастырудың технологиясы

Ар-намыс, абырой, ибалылық секілді қазақ қызына тән адамгершілік ұғымдарын жоғарғы сынып қыздарына (16-18 жас аралығы) арналған этика сабақтары тақырыптарын біріктіріп, «Қыз қылығымен көрікті» ортақ атаумен атауға болады.

«Қызға қырық үйден тыю», «Қыз қылығымен көрікті» мақал-мәтелдерінде халқымыздың өз қыздарын тәрбиелі, ибалы, қайырымды, жақсы мінезді болып өскенін қалайтын арман-тілектері анық байқалады. Рух және тән тазалығы отбасыны сақтай отырып, берік отбасылық байланыстың белгісіне айналған.

Қазақ халқында «ар-намыс», «абырой», «пәктік» ұғымдарымен қатар, аса жоғары адамгершілік қасиеттерді білдіретін «ар-ұждан», «ұят» ұғымдары кеңінен қолданылған. Бұл ұғымдардың мән-мағынасы мен маңызын келесі мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерге қарап пайымдауға болады: «Қанағатшылдық, ар, ұят және

терең ой – бағалы сый», «Ар-ұяты бар адам – тәрбиелі адам», «Ар-намыссыз қыз – тұзсыз тағамға тең, әдепсіз ұл – ер-тұрмансыз атпен тең» және т.б.

Сондықтан да, қазақ отбасында қыз баланы ерте кезінен «ар-намыс әйелді сүйкімді етеді» деген сенімде тәрбиелеп, өсірген. Қыздың ары мен абыройы халық арасында тазалықтың, тәрбиеліліктің, инабаттылықтың, тектілік пен игіліктің белгісі болып саналды [11].

Халық дәстүрлерінің жазылмаған ережелері балаларды үлкендер мен ата-ананы құрметтеуге және қадірлеуге тәрбиелейді. Осының бәрі қыздардың санасында инабаттылық, ұлтжандылық, биік мақсат секілді сезімдердің қалыптасуына септігін тигізген.

Әйелдердің отбасында тыныштықты, татулық пен бейбітшілікті сақтауы, аналық парызын өтеу қасиеттері жоғары бағаланған, ал, бейпілауыздық балағаттау, ішімдікке салыну, жеңіл мінезді жолға түсу секілді қасиеттері қарғысқа ұшырап отырған. Қыздардың ата-анасының ақ батасын алмай, күйеуге қашып кетуіне ерекше көргенсіздік әрекет болып танылған.

Ана тілі, мәдениет пен өнер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар және мереке-мейрамдар ұлттың игілігі мен құндылығы болып саналған. Жастар мен жасөспірімдердің бойына ұлттық мәдени және материалдық құндылықтарды құрметтеу және қастерлеу сезімдерін ұялату арқылы патриоттыққа баулып, тәрбиелеген.

Жасөспірімдік шақ – адамның жеке тұлғалық қасиеттерінің даму және қалыптасуы кезеңі екенін ескере отырып, жасөспірім өмірінің бұл кезеңінде әлеуметтену үдерісіне ерекше көңіл бөлінгені жөн.

Өзіндік сана-сезімнің артуы жасөспірімге тән жеке тұлғалық ерекшеліктер болып табылады. Өзіндік сана-сезімінің деңгейі жоғары сынып оқушыларының айналасындағы адамдар мен өзіне деген талаптар деңгейін айқындайды. Олар өздеріне сыни тұрғыдан қарап, ересектер мен замандастарының адамгершілік келбетіне жоғары талаптар қоя бастайды.

Қыз бала өмірінің осы кезеңінде мұғалімдер, психологтар, ата-аналар және басқа да мамандар оларға ерекше көңіл бөліп, жалпы дамуымен, тәрбиесімен мұқият айналысуы қажет.

Қыз балаларға (16-18 жас аралығы) арналған «Отбасы неден басталады?» атты әңгіме-практикум

Сабақтар отбасылық қарым-қатынастар мәдениетіне тәрбиелеуге бағытталған.

Жоғарғы сынып оқушыларының отбасы құрумен байланысты құндылық бағдарлары және нұсқауларын анықтау; отбасылық қарым-қатынас қиындықтарының кейбір себептерін ашу; отбасын құрудағы әйел мен ер адамның рөліне көңіл бөлу; үйлеспейтін отбасы түрлерімен таныстыру; практикум өткізу көзделеді [12].

Қатысушылар: сынып жетекшісі, әдеп пәнінің мұғалімі, психолог, оқушылар, кітапханашы.

Отбасы шынымен де шағын ғаламға ұқсайды, өйткені ол жұмбақтарға, неше түрлі сырларға толы. Көптеген отбасылық жұмбақтар шешімін адамзат әлі іздеу

үстінде. Неліктен біз дәл осы адамды өмірлік жолдас ретінде таңдаймыз? Не себептен адамдар үйленуге шешім қабылдайды? Махаббат неліктен келеді және кетеді? Неліктен отбасылық өмірде осы сезім соншалықты қажет? Неліктен бір жанұя отбасылық өмірдің проблемаларына төзіп, оның шешімін табады, ал басқалары күнделікті отбасылық тұрмыстың қамына шыдай алмайды? Біз сіздермен осы және басқа мәселелер туралы әңгіме қозғайтын боламыз.

Бұл өмірде барлығы махаббаттан бастау алады. Соның ішінде, әсіресе, отбасы. Өйткені махаббат – жақсылықтың, біздің әлемдегі барлық жылу мен жарықтың қайнар көзі. Алайда адам тек осы сезіммен ғана өмір сүре алмайды. Адамның табиғи да, рухани да өмірі алуан түрлі (адамға жаңа білім, әсер алу, өзінің кәсібилігін арттыру және т.б. қажетті), ол адам өмірінің барлық саласына, соның ішінде махаббатқа да әсер етеді.

Әртүрлі адамдар, бір-біріне еш ұқсамайтын, екі қайталанбас тұлға махаббат сезімі негізінде отбасылық одақ құрады. Біз мына бір сөз тіркесін жиі естиміз: «Проблемалардан тым болмаса үйде демалу». Сонымен адамдар отбасылық өмірден нені іздейді, неден үміттенеді?

Ер адам мен әйелдің отбасыдағы рөлін жақсы түсінетін және сол міндеттерін жақсы атқаратын отбасылар да бар, алайда оларда да ауыр жағдайлар болып тұрады. Отбасын нығайтуға мүмкіндік беретін жанұялық бақыттың құраушылары қайда?

Психологиялық тренинг

1-тапсырма. Отбасын құрудағы себептердің сіз үшін маңыздылығы тұрғысынан реттеп қойып шығыңыз: махаббат; қызығушылықтар мен көзқарастардың ортақтығы; жалғыздық сезімі; кездейсоқтық; рақымдылық сезімі; болашақ күйеуінің (әйелінің) материалдық қамтамасыз етілуі; болашақ күйеуінің (әйелінің) тұрғын үйі болуы; жақын арада бала табудың ықтималдығы.

(Қатысушылар өз пікірлерін айтады.)

2-тапсырма. Жастар көп жағдайларда отбасын құрудағы себептердің қайсысын қолданады. Өз пікіріңізге байланысты осы себептерді ретімен қойып шығыңыз.

(Қорытынды жасалады, нәтижелер талқыланады.)

3-тапсырма. Сауалнама сұрақтарына жауап беруді ұсынамыз:

1. Бақытты отбасылық өмір үшін қандай шарттар қажет (өз пікіріңіз бойынша ең маңызды үшеуін атаңыз)?

а) жеке пәтер; б) материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілу; в) жұбайлар арасындағы өзара түсінісушілік; г) балалар; д) некенің беріктілігіне сенім; е) қызықты уақыт өткізу; ж) қызықты жұмыс; з) өзі таңдаған білім; и) жұмыстағы жақсы жағдай; к) жақсы достар; л) дербестік, іс-әрекет еркіндігі; м) басқа шарттар.

2. Сіздің пікіріңізше, отбасын қандай жаста құрған дұрыс?

а) 18-20; б) 21-24; в) 25-27; г) 28-30; д) 30 жастан жоғары; е) өз нұсқаңыз.

3. Сіздің ойыңызша, жас жұбайлар үшін өмір сүрудің қай түрі қолайлы?

а) ата-анасымен бірге; б) туыстарға жақын, бірақ бөлек тұру; в) өз алдына бөлек; г) өз жауап нұсқаңыз.

4. Сіздің ойыңызша, идеалды әйел қандай қасиеттерге ие болу керек? Ең маңызды үшеуін белгілеңіз. Осы және 5-ші сұраққа ұлдар да, қыздар да жауап берді:

а) ақыл; б) нәзіктік; в) жақсылық; г) барлық жағдайда да күйеуіне бағыну; д) өз дегенінде тұра білу; е) көнбістік; ж) еңбек сүйгіштік; з) ибалылық; и) үнемшілдік; к) үйден шықпау; л) балаларға деген махаббат; м) сенім білдіру; н) өз жауап нұсқаңыз.

5. Сіздің ойыңызша, идеалды күйеу қандай қасиеттерге ие болу керек?

а) ақыл; б) батылдық; в) жұмысын жақсы көру; г) отбасы қамын ойлау; д) жайдары мінез; е) жақсылық; ж) сенгендік; з) ең қиын отбасылық істерді өзіне алуға деген құлшыныс; и) жаны аши білу; к) жұмсақтық пен нәзіктік; л) сенімділік; м) әйелге деген құрмет; н) өз жауап нұсқаңыз.

(Жалпыланған нәтижелер талқыланады, қыздар мен ұлдардың берген жауаптарына салыстыру жүргізіледі)

Сауалнама нәтижелеріне қарасақ, кейбір жас адамдар өзінің жарынан көп нәрсені талап ете отырып, екі жақтың да талаптары мен түсініктерін біріктіру жөнінде қатты алаңдамайтынын байқаймыз.

Ал махаббатта жалғыз «мен» деген ұғым болмауы керек (мен сондай әдемімін, сондықтан сен мені сүйесің және мен саған өзімді жақсы көруге рұқсат беремін). Махаббатта тек қана «сен» деген ұғым болмауы керек (сен бәрінен де артықсың, ал мен тұлға ретінде есептелмеймін). Әрбір отбасылық жұпта «мен», «сен» және «біз» болуы керек. Осыны түсінбегендердің ғашықтық сезімі ұрыс-керіс, көңілі қалу мен түсініспеушілік кесірінен жоғалады. Махаббаттың орнына ашу мен ауыртпалық келеді.

Шынын айтқанда, некелесетін адамдардың бірін-бірі дұрыс білмеуінен осындай жағдайлар туындайды. Жұбайлар қарым-қатынасында жыныстық сәйкестік маңызды, және жастар неке құру үшін жиі осы себепті таңдайды. Алайда сіз басқа адам үшін де сексуалды жағынан тартымды бола аласыз. Ал өз мінездерін сәйкестендіру, махаббат сезімін нағыз достық сезіміне ұластыру, өзара түсінушілікті отбасылық өмірдің ережесіне айналдыру кез-келген жұптың қолынан келе бермейді.

Отбасындағы көшбасшылық жөнінде туындайтын сұрақтар да жұбайлардың қарым-қатынасына өзіндік сызат түсіреді. Көшбасшылықты өз қолына ала отырып, жанұя басшысы өзіне қосымша міндеттерді жүктейтінін есте сақтауы қажет.

Ал сіз қалай ойлайсыз? (пікірсайыс)

Өзара қарым-қатынас мәдениеті – бұл, біріншіден, сүйікті адамға көңіл бөлу, оның ішкі жан дүниесін түсіну, оның талғамын, қызығушылықтарын, тілектерін есепке алу. Сүйікті адамның сөздері мен қылықтары туралы жағымсыз пікір қалыптастыруға асықпаңыз, түсінуге тырысыңыз, ұсақ-түйекке түсіністік таныта біліңіз. Сізге ашықтық пен сенгіштік, адамның бойындағы жақсы қасиеттерді көруге деген ынтызарлық көмектеседі.

Бір-бірімен бірге болу – үлкен өнер. Бір-біріңізді өзгертуге тырыспаңыз. Әрбір тұлға қайталанбас болып келеді. Басқалармен салыстырғанда қасыңыздағы адам сіз үшін ең маңызды адам екенін түсінуге тырысыңыз.

Біз өмірде мына пікірді жиі естиміз: «Олар мінген махаббат қайығы тұрмыс атты жарға келіп соғылды». Өкінішке орай, осы пікірмен өте жиі қайғылы қорытынды жасалады. Бұған тағы бір сөзді қосуға болады – тұрмысын ретке келтірмеу. Ретке келтірілмеген тұрмыс – дау-жанжалдың, келіспеушіліктің, ажырасудың себебі. «Неліктен отбасының қамы менің мойнымда болуы керек? Мен сендерге күнмін бе?» деген сұрақтар қойып, ренішке жиі бастамашы болатындар – әйелдер. Бірақ әйел адам неке құра отырып, отбасылық бақытқа күнделікті және көпжылдық уақыт пен күштің үй жұмыстарына жұмсалуды арқылы қол жететінін ұмытпауы қажет. Бұл әсіресе еңбек күнінен кейін қиынға соғады. Дегенмен де, әйел адамға бүкіл қала бойынша тігін шеберханасын іздегенше, үзілген түймесін өзі тігіп үйренгені дұрыс. Үй ішінде атқарылған жұмыстардың барлығы екінші сыңыры тарапынан бағалануы керек екені де шындық.

Отбасының экономикасы көбіне үй шаруашылығын жүргізуге тәуелді болады. Яғни, салыстырмалы түрде қымбат емес өнімдерден дәмді түскі ас дайындау білу, артық төлеудің орнына өзі іс тігу немесе тоқыма тоқу, тамақты өзі пісіру.

Тұрмысты дұрыс реттеудің маңызды шарттарының бірі – отбасылық бюджетті саналы түрде жүргізу. Отбасылардың көбісі бюджеттің басты қайнар көзі ретінде жалақыны қарастырады. Демек, сыңарының көп уақытын жұмыста өткізетіндігіне қатысты ұрыс-керістер тіпті орынсыз. Себебі, кәсіби тұрғыда даму отбасының материалдық жағдайын көтеруге мүмкіндік береді. Тек бүгінгі күнді ойлаумен шектелмеу керек, болашақты да ойластыру қажет. Тек бір-біріне демеу болып көмектесу және өзара түсіністік жас отбасының сезімге беріктік сынағынан сүрінбей өтуге көмектеседі. Ата-аналар есебінен отбасы бюджетін толықтыру мүмкіндігі әрқашан бола бермейді. Сондықтан көптеген жас отбасылар үшін санау, есептеу, жоспарлау сияқты ақыл да қажет болып табылады.

Өз табыстары мен шығыстарын жоспарлау, жұмсалған қаражатты есептеу (тамақ, киім және аяқ-киім, шаруашылық тауарлары, бос уақыт пен демалыс), бақылау – отбасылық бюджеттің негізгі құраушылары. Сән өнері журналы немесе аксессуар, фаст-фуд пен сағыз, ал нәтижесінде мынадай сұрақ туындайды: «Ақша қайда кетіп жатыр?». Керек емес заттан бас тарта біліңіз. Сонымен қатар «сен таптың, мен жұмсаймын» ұстанымы да сіздің тұрмыстық жағдайыңызды да, отбасындағы қарым-қатынасыңызды да жөнге салмайтынын есте сақтаңыз.

Ал романтикалық сезімдерді қайтеміз?

Тек қана романтикаға берілумен және жалаң сезімдермен өмір сүре алмайсың, күнделікті өмір тірлігінен ешқайда қашып құтыла алмайсың. Сондықтан, өзінің сезімдері мен күнделікті еңбектерін біріктіре отырып, отбасылар ұзақ ортақ өмірге сене алады. Әрбір отбасы міндет бөлісуге өзінше қарайды. Егер отбасында тұрмыстық шығармашылық атмосферасы болса, онда барлық үй шаруалары бірлесіп атқарылады.

Кейбір отбасыларда үй ішінде басты шаруалар бірлесіп атқарылады, ал кейбір шаруалар біреуінің міндеті болады (мысалы, азық-түлік сатып алу). Бұл да отбасылық тұрмысты реттеудің жақсы бір жолы.

Алайда тұрмыстық реттелмеу немесе әйелдің немесе күйеудің тұрмыстық пайдалануы орын алатын отбасылар да жеткілікті. Міндеттерді бір-біріне жүктеудің нәтижесінде, үй шаруаларының атқарылмауына әкеліп соғады, яғни үйде әрдайым нан немесе тұз болмайды, өйткені біреуі сатып алуды ұмытып кетеді. Тұрмыстық ынтымақтастық – бұл үй шаруашылығын атқарудың идеалды жолы.

Қазақ салты бойынша, жалғыз немесе кенже ұлдың отбасы ата-анасымен бірге тұратынын ескерген жөн. Бұның терең тәрбиелік мәні бар: ақылды ене жас келіншекке шаруашылықты жүргізуге көмектеседі және күрделі отбасылық қарым-қатынас өмірі бойынша кеңес береді.

Сонымен қатар, қазақ отбасына тығыз туыстық байланыс тән екенін ескеру қажет, сондықтан жас отбасы қонақтарды күте білуі керек, әсіресе, бұл келіншекке қатысты. Ол өзінің көңілімен, күйеуінің туыстарына деген сыпайылығымен, үлкендерге деген қамқорлығымен туыстары алдындағы беделін нығайта алады.

Отбасылық үйлесімділік мен бақытқа қол жеткізу – оңай шаруа емес.

Отбасылық қарым-қатынастың жағымсыз түрлерімен танысайық.

«Отбасы-санаторий» атты отбасының түрі кездеседі. Онда айқын үйлеспеушілік – отбасының бір мүшесінің өз міндеттерін шектеуден, басқаларды үнемі өзі үшін қауіптенуге мәжбүрлеуден және өзіне деген қамқорлықты талап етуден байқалады. Ал отбасының басқа мүшелері бұл жағдайда махаббат пен көңіл бөлудің жетіспеушілігін сезінеді, ал жиі болып тұратын қауіптену сезімі үлкен жүйкелік жүктемелерге әкеледі.

«Қамал-отбасы» түрі бар. Бұл отбасылардың мүшелері барлық отбасыда пайда болатын жағымсыз эмоцияларын жалпы қоршаған ортаға және оның жеке өкілдеріне білдіреді. Кінә тағу және, тіпті, байбалам салу орын алады. Әдетте, бұндай отбасыда эмоционалды үйлесу әлемі бұзылғандықтан, отбасылық жылу болмайды. Осындай жанұяларда көп жағдайда ата-аналардың біреуі рақымсыз болса, екіншісі ұсақ-түйекшіл болады.

«Театр-отбасыларында» әдетте жұбайлардың бірі сүйсіну мен көңіл бөлуге қатты мұқтаждықты сезінеді. Ал балалармен қарым-қатынасы материалдық игіліктермен алмасады. Мұндай отбасыларда көп нәрсе жасанды болып келеді, тіпті махаббат пен қамқорлық сияқты шынайы сезімдер де.

Жұбайлардың психологиялық жетілмеуі «үшінші артық» атты отбасылардың құрылуына әкеледі. Тек ерлі-зайыптылық қатынас қана эмоционалды тұрғыдан маңызды болмақ. Ал баламен жасалатын қарым-қатынаста жасырын жақтырмаушылық ын алады.

Үйлеспейтін отбасыны «пірі (кумирі) бар отбасы» деп те атайды. Ата-аналары өзінің іске аспаған ойларының бәрін балаға аударады да, оны пірге (кумирге) айналдырып, оның шынайы қасиеттерін асыра бағалайды. Ал өз мүдделерін құрбандыққа шалады.

«Маскарад-отбасы» түрлерінде қарым-қатынас ата-ананың әрекеттерінің келісілмегендігі негізінен пайда болады. Мысалы, әкесі өте қатал болса, анасы бәрін кешіре беруі.

Отбасыдағы үйлесімсіз қарым-қатынас бала тәрбиесіне жағымсыз әсер етеді. Зардап шегетін тек жұбайлар ғана емес, олардың некедегі үйлеспеушілігі (дисгармониясы) болашақ азаматтың денсаулығына және тұлға ретінде қалыптасуына жағымсыз әсерін тигізеді.

Біз отбасылық қарым-қатынастар әліппесінің бірнеше мәселелерін қарастырдық. Сіз болашақта өз отбасыңызды және отбасылық қарым-қатынасыныңызды құрайсыз. Ал ол үшін сезімдерден бөлек, білім мен еңбек қажет.

(Психолог тренинг өткізеді)

Сізге психолог-консультант рөлі ұсынылады. Болашақ күйеу мен келіншекке сұрақтар құрастырыңыз. Сіздің сұрақтарыңыздың көмегімен жастар өз шешімінің ойластырылғанын анықтауы керек және отбасылық өмірде ықтимал қиындықтарды болжауы қажет.

(Оқушылар жасаған сұрақтар тізімі психологтың сұрақтарымен салыстырылады. Нәтижелер талқыланады).

Сіздердің өмір туралы бірдей көзқарастарыңыз бар ма және сіздің идеалдарыңыз сәйкес келе ме?

Сіз қалаған жанның өзінің болашақ (қазіргі) мамандығына көңілі тола ма?

Сіз бір деңгейде көпшілісіздер ме?

Екеуіңіздің біреуіңіз ажырасып көрдіңіз бе?

Сіз өзіңіз қалаған жанға барлық жағдайда да сене аласыз ба?

Қанша уақыттан бері таныссыздар?

Араларыңызда бір-біріңізден әлденені толық айтпай, жасырып қалу жиі болып тұра ма?

Бала тәрбиесі мәселесіне көзқарастарыңыз бірдей ме?

Ата-анаңыз сіздің неке құруыңызға қарсы ма?

Екеуіңіздің біліміңіз бір деңгейде ме?

Екеуіңіздің де денсаулығыңыз жақсы ма?

Екеуіңіз бір деңгейде әсершілсіздер ме?

Сіз қалаған жанның тәрбиесі жақсы ма?

Ата-анаңыздың некесі сәтті ме?

Сіз қалаған жан орынсыз қығаншақтық таныта ма?

Сіз ашулансаңыз да, сіз қалаған жан сабыр сақтай біле ме?

Интимдік өмірге қатысты пікіріңіз сәйкес келе ме?

Сіз қалаған жан жаман әдетке әуес емес екеніне сенімдісіз бе?

Екеуіңіз бір деңгейде адал және жауаптысыздар ма?

Балалы болу ниеттеріңіз бірдей ме?

Психологтардың айтуынша, қарым-қатынастың сәтті болуы жұбайлардың (ғашықтардың) көзқарасындағы ұқсастыққа тікелей тәуелді. Әрине, барлығына бірдей көзқарас болуы мүмкін емес. Дегенмен де, жалпы өмір мен отбасылық өмірдің басты мәселелеріне деген көзқарастар неғұрлым ұқсас болса, соғұрлым қарым-қатынас орнату оңай болады. Алайда бұл сіздің отбасылық өміріңізде барлығы керемет болатынына кепілдік емес. Сіздің пікіріңізше, отбасылық бақыттың құпиясы неде?

Біз есте сақтауымыз қажет:

- өзара қарым-қатынас үйлесімділігі екі жаққа да тәуелді;
- танысу аясын тарылтпау керек; достармен қарым-қатынас өмірді қызықты әрі мазмұнды етеді;
- бір-бірінің жағымды жақтарын жиі айтып тұру керек, үнемі кемшіліктерін нұсқау қарым-қатынасты нығайтпайды;
- адамды өзіңе ұнайтындай етіп өзгертуге тырыспау керек; махаббат жалғанды, өтірікті және опасыздықты көтермейді;
- басқа адамның әлемін, оның құлшынысын, сезімдерін құрметтеу керек, қиын да, қуанышты сәттерде қолдау көрсете білу – берік қарым-қатынастардың негізі;
- алдымен қасыңыздағы жанды ойлаңыз, кейін өзіңізді ойлаңыз;
- басқаларға тыйым салатын затқа, өзіңізге рұқсат бермеңіз, өмір бойы жаныңыздан табылатын адамның құқықтары мен абыройын мойындай біліңіз.

Ескерту:

– тұлға ретінде даму – көптеген өмірлік маңызды сұрақтар бойынша, соның ішінде отбасылық қатынастар мәдениеті бойынша да білім жинау және дағдылану;

– әрбір жас адам отбасылық қатынастардың әліппесімен танысуы тиіс;

– отбасылық қатынастардың проблемалары сол адамның, балаларының, туыстарының өмірлерінде көрініс табады;

– «Этика мен отбасылық өмір психологиясы» тақырыбы бойынша мәселелерді зерттеуді жалғастыру қажет;

– келесі тақырыптарды толығырақ ашуға мамандарды шақыруға болады: «Некеге дайын болу деген не?», «Ерте неке құру», «Отбасылық қатынастардың заңмен реттелуі», «Отбасындағы балалар», «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Қазақтың отбасылық салттары мен дәстүрлері».

Сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар тек ғибратты болмауы керек, мұғалімдердің жас қыздардың қызығушылықтарын толық білулері маңызды. Сұлу көріну, жас бозбалалардың көңілін аудару – қыздарды аландататын мәселе. Жастар үшін мода – көптеген проблемаларды шешу факторы екенін ескере отырып, «**Біз және мода**» атты іс-шараны ұйымдастыруға болады.

Мұғалім. Сіздің жасыңызда сыртқы келбет пен киім ерекше маңызды: егер идеалды келбетіңіз болса, барлық өмірлік проблемалар өздігінен шешіледі деген ой жиі туындайды. Көп жағдайда сәнді киімді идеал ретінде қабылдап, өзінің даралығын, сонымен қатар түрлі стильдер мен сән трендтерін, олардың үйлесуін ескеру қажеттігін ұмытып кетеміз.

Стильдер мен сән трендтері деген не?

Тренд – қай тілде болмасын мода журналының беттерінде өте жиі кездесіп жүрген термин. Бұл ағылшын сөзі, «үрдіс», «бағыт» мағынасын білдіреді. Мода терминологиясында киім кию әдісі деген мағынаны білдіреді.

«Стиль» ұғымы «стило» сөзінен шығады. «Стило» ежелгі гректердің балауыз тақтайшаларда жазу үшін қолданған бір жағы үшкірленген өзекше. Әр жазушы-

ның өзіндік жазуы, мақамы болады. Сондықтан уақыт өте келе «стиль» сөзімен жазу ерекшеліктерін атай бастады. Киімге қатысты жағдайда қолдану аясы тарлау. Кейде біз оны жас ерекшелігімен (жастарға арналған, жеткіншектерге арналған) немесе еңбек пен демалыс түрімен (спорттық, іскерлік) байланыстырамыз.

Әрқайсымызда өз стиліміз, өмір сүру стиліміз қалыптасады. Ол өзін-өзі ұстау, мінез-құлық, талғам, әдет, киіну әдісі арқылы көрініс табады. Кей жағдайларда стиль адамның темпераменті мен мінезіне сәйкес түйсікті түрде қалыптасады. Стиль – өзінді қайталанбас ететін, өзінің тартымдылығынды және даралығынды көрсететін затты анықтау. Кейбір модельер-суретшілерді стилист деп атайды.

Бірақ өте көп жағдайда адамның өзіндік стилі болмайды. Ол стереотипке ұмтылады, тек сәннің соңынан ере береді.

Өз стиліңді қалай жасап шығаруға болады? Сенің даралығыңды айқындайтын затты қалай табуға болады?

Менің ойымша, ол үшін өзінді, өз қабілеттеріңді, келбетіңді объективті түрде бағалауды, сонымен қатар, алуан түрлі мода бағыттары арасында өз бағытыңды таба білу керек. Сонымен түрлі стильдердің ерекшеліктерін қарстырайық.

Романтикалық стиль

Заманауи сәнді киім ішіндегі ең әдемі және қолжетімді трендтердің бірі – романтикалық стиль. Романтикалық стиль жастықтың кереметтігін, сымбатын, көркемдігін жеткізеді. Романтикалық стильдің формалары жеңіл болып келеді. Онда бүрмелер, желбіршектер, жалбыршақтар, банттар көптеп кездеседі. Барынша сәнді қысқа және ұзын юбкалар. Бұл стильде әйелдің сүйкімділігін ерекшелейтін, жеңіл пішіндегі, нәзік реңктердің керемет үйлесуін көруге болады. Өртүрлі, әсіресе кең жиекті қалпақтар.

Жылы қынамабел жилет кию немесе мойынға шарф тағу арқылы романтикалық стильді сақтауға болады деп кеңес берер едік. Шілтер қолғаптар, жамылғылар, пелериналар, тоқыма сөмкелер. Тіпті шаш қою үлгісі – жайылған шаш үлгісі немесе лента және гүлдермен әшекейленген бұрымдар.

Аяқ киімді де ұмытпаңыз: нәзік формалы етіктер, я болмаса өрескел тұрпайы етіктер киім үлгісіне қарай таңдалады. Романтикалық стильдегі киімді мерекелерде, туған күнге, би кешіне киген жөн.

Классикалық стиль

Классикалық стиль костюмі өзінің қатаңдығымен, сыртқы пішінінің сырбаздығымен, бөлшектердің мейлінше ықшамдығымен (минимумды болуымен) ерекшеленеді. Бұл костюмде әшекей мүлдем жоқ деуге болады. Барлығы да мақсатына сәйкес рационалды түрде құрылады.

Дене бітіміне қонымды киім классикалық сипатқа ие болды, себебі олар кез келген жастағы және дене пішіміндегі ерлер үшін де, әйелдер үшін де қолжетімді болып табылады. Бұл киім әрдайым жарасымды болып көрінеді. Сондықтан, «денеге қонымды» стиль сәннің кез-келген бағытында өзектілігін жоймайды.

Көбіне ересектердің сән үлгісіне тән классикалық стиль жастар арасында да ерекше танымал.

Блейзер-жакеттер, жеңіл жейделер, жилеттер ерекше киім кию үлгісіне орай жаңаша көрінеді. Әрине, жастардың классикалық стилі ересектер стиліне қара-

ғанда қатаң емес. Жалпы, қатаң үлгідегі киімді басқа стильдің киімі толықтыра алады. Мысалы, шілтерлі романтикалық блузка немесе жылтырақ әшекейлер. Кез-келген күтпеген сәнге жол беріледі. Тек үйлесімді және қайталанбас бірегей болуы қажет.

Ең кең таралған классикалық киімнің бірі – жилет. Ол киіну үлгісін толықтыру ретінде немесе өзі ғана блузка ретінде киілуі мүмкін. Жилеттен де маңызды киім – шалбар. Шалбардың пішімі тым алуан түрлі болады. Әйелдерге арналған шалбарлар соңғы онжылдықтардың жетістігі емес екенісізге жаңалық емес шығар, мүмкін. Оны әйелдер өткен ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ киген.

Классикалық костюм тым қарапайым болмауы керек. Кездесуге барарда дәстүрлі ақ блузкаға ашық көгілдір түсті шарф немесе жылтырақ әсемдік бұйымдар тағып алыңыз, заманауи шаш үлгісін қойыңыз, бұған қоса жымию, биік өкше, арқаны түзу ұстау – сіз ерекше сұлу тұлғаға айналдырады.

Фольклорлық стиль

Фольклорлық стиль ұлттық киім үлгілерінің ерекшеліктерін сақтайды. Классикалық, романтикалық немесе басқа да киім үлгісіне ұлттық колорит үстеу үшін кез-келген ұлттық костюмнің бір бөлшегін қосу жеткілікті. Алайда бұл бөлшек жарқын, мәнерлі, көзге түсетін, барлық костюмнің сәнін айқындап, аша түсетін болуы қажет. Қандай бөлшекті қосу – әркімнің жеке таңдауы.

Мысалы, ол ақ көйлекке тағылған ұлттық белбеу, джинсы күртеге тағылған орыс орамалы, заманауи көйлек үстіне киілетін стильді қазақ қамзолы болуы мүмкін. Айтпақшы, соңғы кезде фольклорлық стиль джинсы стилімен үндесіп жүр. Мысалы, этно-стильдегі әсерлі әшекейлер тағылған (мысалы, үндістердің мойынға тағатын әшекейі) шілтері ақ романтикалық блузка мен джинсы юбка.

Бүгінгі таңда ұлттық қазақ мотивтері өзекті: айылбас, ою, ұлттық әшекей бұйымдарын (шолпы, білезік, сырға, т.б.) қолдану.

Бүгінде кейбір қыздар діни сәнге үлес қоса отырып, ұзын киімдерді, хиджабтарды кие бастағанын айтып өткен жөн. Қатаң климаттық жағдайға (аптап ыстыққа) байланысты дене мен бетті жабу үшін бұл киімдерді араб елдері пайдаланатыны мәлім. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қазіргі қыздар туралы: «заманға сай болуға, сәнденуге тиіс және біздерде ешқашан киілмеген, салтымызға жат киімдерге орнанып-қымтанбауға тиіс. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар», – деп ерекше атап өтті.

Спорттық стиль

XX ғасырда пайда болған спорттық стиль киімдері өзінің пішінінің еркіндігімен ерекшеленеді. Жең үлгісі алуан түрлі – қайырып тігу, реглан, кимоно, біріктірілген тігіс. Шалбардың сан түрлі ұзындығы мен пішіні қолданылады. Бұл киімдердің ерекше бөлшектеріне үстеме қалталар, қақпақшалар, әр-түрлі бүкпелер, ойма-кілтектер жатады.

Спорттық стиль өзінің беріктігімен, қысқалығымен және пішіннің мақсаттылығымен, пішімнің ыңғайлығымен, түс үйлесімінің «жастарға лайықтылығымен» түсіндіріледі. Мұның бәрі жылдам қозғалыспен, сергектікпен және жігер жалынымен үндеседі.

Сән әр адамның айналадағылардың көзіне сұлу болып көрінуге мүмкіндік береді. Сән көрікті немесе көріксіз деп бөлінбейді, оның тұрақты критерийлері болмайды. Кеше өрескел көрінген нәрсе бүгін сәнге айналып кетуі мүмкін. Жаңадан сәнге айналған киімдер қымбат тұрады, ал жастар әрдайым ата-аналарын керекті қаражатты беруге көндіре алмайды. Дегенмен, көп киім-кешектің де қажеті жоқ, себебі әр маусым сайын киім үлгілері де ауысып отырады.

Біздің әрқайсысымыз күніне бір рет айнаға қарайтындығымыз шындық. Соңғы кездерде «сәнді» сөзі кең мағыналы «стильді» деген сөзбен ығыстырылууда. Қазір сәнге ойламай ілесу сәнді емес. Бұл индустрия патриархы, француз модельері Поль Пуарэннің айтқан пайымдауы. «Киіне білу – ол өнер. Жақсы киіне білу ғылымы... сирек кездесетін ақыл-ойды, тапқырлықты, сызықтар мен түс үйлесімін сезіне алатын қасиетті талап етеді».

Адамда өзін қателесу мен жаңылысудан қорғайтын табиғаттан берілген талғам болса жақсы. Дегенмен кімде-кім жақсы талғамға ие болмаса, оның зияны жоқ. Қазір тәжірибелі стилистер мен модельерлердің кеңестері жазылған көптеген журналдар бар. Бұл өмір бойы оқитын сала, себебі үнемі әдемі болу маңызды.

Стиль үш маңыздылықтан құралған: стильдік сызық, түс гаммасы және айналадағы адамдар үшін көрсеткің келген бейне.

Белгілі бір пішін түрі бейне сызығын анықтайды. Сондықтан өз киімінде түстер үйлесімі шешімін ойлап тапқан жөн. Мысалы, билік пен тәуелсіздік үш түс үйлесімін қамтиды: қызыл, ақ, көк. Достық пен ашықтықты: қоңыр, сары, сарғыш, көгілдір, сұр және ақ түстер көрсетеді.

Сіз өз түсіңізді таңдап алған соң, өзіңіздің ішкі жағдайыңызға қай стиль сай келетінін анықтағаныңыз дұрыс: классикалық, спорттық, романтикалық... Осылайша сіз киім-кешегіңіздің үйлесімділігі мәселесін шеше аласыз. Сонымен қатар сіздің таңдауыңызды достарыңыздың кеңестері немесе сәнді салондағы сатушының шала-пұла ескертпесі өзгертпеуі қажет.

Өзіңіздің жеке стиліңізді таңдап алған соң, сіз қайсысы сәнді немесе қайсысы қонымды деген сұрақтардан мәңгілікке арыласыз. Әсемдікке ұмтылу біршама қаражатты талап етеді, дегенмен ешқандай шығын ештеңені шешпейді. Әсемдік талғамға сән сезімі және ақыл-парасат тікелей байланысты.

Осылайша, сыртқы әсемдік емес, даралық және талғамдық маңызды. Мұғалім оқушыларға денені қысып тұратын киімдердің, пирсингтің, дене бөлігінің ашық жүруін (кеуде, кіндік), біріншіден, талғамсыздық және анайылықтың; екіншіден, әйел ағзасының қалыптасуына теріс ықпал ететіндігін (әлсіз қан айналымы, ауру жұқтыру, суық тигізу аурулары); үшіншіден, ұлттық мәдениет пен дәстүрге жат екендіін тыңғылықты түсіндіруі қажет.

10 және 11-сыныптарда бойжеткен оқушылар әйелдің міндеттері және өмірдің мәні жайлы мәселелердің маңыздылығы мен мәнін түсіну үшін әр дәуірде өмір сүрген философтармен терең диалогтарға бойлай бастайды.

Этикалық диалог бағдарламасы адамзаттың қоршаған ортаға айтарлықтай әсерін тигізетін қабілеттілікке және өзін жоғары бағалау ойларын жүзеге асыруға және қабылдануға бағытталған, сондай-ақ адамзаттың қарым-қатынасына этикалық сенімнің күшімен бағытталған. Бұл бағдарлама құрамы қыздарды жалпы

адамзаттық құндылықтарға бағытталған күнделікті тәртіптің мотиві мен мақсатының таңдауы болып табылатын ойлау мен әрекет әдістерінен пайда болған өмірге итермелейді.

Этикалық сабақтардағы қыздармен диалогтық қарым-қатынас жүргізудің тәрбиелік әлеуеті мынадай жағдайларда көрініс табады:

- қабылданған нормаға немесе үлгіге сәйкес келмеген жағдайда үрейлену сезімін басу;
- жеке бастың ерекшелігі мен жеке тұлға резервін ашып көрсетуде;
- өмірлік құбылыстарға өзіндік талдау жасауға деген құлшыныс пен ойлау қабілетінің дамуында;
- өмір және адам жайлы көзқарастарды жеңгенде, өмір сүрудегі жеке ойлау үрдісін жандандырғанда;
- жеке бастың коммуникативтік қызметінің дамуы үшін тиімді жағдайлар жасағанда;
- өзінде сыпайылық, ұялшақтық, мейірімділік, құрмет көрсете білу, патриотизм, адамгершілік секілді қасиеттерді игергенде.

2.3 Бойжеткендерге жыныстық тәрбие беру мәселелері

Соңғы жылдары жасөспірімдер арасында жыныстық жолмен берілетін аурулардың жиі кездесуі, сексуалды дамудың бұзылуы, жыныстық өмірдегі ауытқуларымен тығыз байланысты нашакорлықпен және ЖИТС-пен ауыру жағдайларының жиілеуі үлкен қауіп тудырып отыр.

Ғаламдық бәсекелестікке қабілеттілік индексі рейтингінде АИТВ (%) таралуы көрсеткіші бойынша Қазақстан 45 орынға тұрақтады (2012-2013 жж. – 12 орын), яғни өз позициясын 33 сатыға төмендеткен [14]. Алайда, 2012 жылы 15-29 жас аралығындағы жастардың үлесі барлық АИТВ жұқтырғандардың жалпы санынан 59,4% құрады. Бұл ретте, аталған көрсеткіш қыздар арасында – 35,4%, ұлдар арасында – 39,4% төмендеген.

Дегенмен, мәселе жойылған жоқ. ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2012 жылы 15-29 жас аралығындағы 1000 қыздың арасынан 20-сы жасанды түсік жасайды. Сарапшылардың пайымдауынша, жасөспірім-қыздардың шамамен 3%-ы бала босанады, ал бұл көрсеткіш Еуропа, Жапония мен Австралия мемлекеттерінен 2-3 есе жоғары.

Бұның барлығы жастарымыздың, әсіресе қыздарымыздың салауатты өмір салтына, дұрыс ана болуға, аналық парызын саралауға және оны қабылдауға, баланы дүниеге әкелу мен өміріне, тәрбиесіне жауапты болудың психологиялық және адамгершілік даярлықтарын алға тартады.

Жасөспірім шағында қыз баланың бойында тек жеңсіктік қана емес, сонымен бірге, өзінің дербес өмір салты белсенді түрде қалыптасып отырады. Бұл процестердің сапалы өтуінен оның келешек өмірі тәуелді болады (яғни, өзінің денсаулығы, болашақ балаларының денсаулығы, отбасысының амандығы және т.б.).

Осы мәселелерге педагогтар мен ата-аналар тарапынан қыз балаларды тәрбиелеу процесінде баса назар аудару қажет деп санаймыз. Балалармен, жасөспірімдермен жеңік туралы әңгіме құру және ол бағытта тәрбие беру оларды азғындырады және оларды ұнамсыз әрекеттерге ынталандырады деген қате түсінік кең таралып, бөгет жасап отыр.

Қазақстандағы оқушыларға және студенттерге білім беру процесінде жыныстық тәрбие мәселелері биология, валеология, тіршілік қауіпсіздігі негіздері пәндерінде жанама түрде қарастырылады. Алайда, жүйелілік тұрғыда жүзеге асырылуы пәндік блоктың нақты сабақтарын оқыту үрдісінде мазмұнының айқынсыздығы, әдістері құрамының белгісіздігі, жыныстық мәдениетті қалыптастыру әдістемесінің болмауы кедергілер келтіреді.

Қыз балалардың жыныстық мәдениетінің педагогикалық қостауы әдістер жүйесінің (дәрістер, пікір-таластар, сұхбаттасулар, тәрбиеге пәнаралық келіспен негізделген «шырмауық» әдісі, тренингтер, жаттығулар, жеке дара кеңестер, рөлдік ойындар, ой-талқысы және т.б.), биология, әдебиет пен тарих бойынша түзетілген бағдарламасы, «Сыршыл туралы әңгімелесейік» факультативі, және ата-аналармен жұмыс жасауға бағытталған «Ата-ана мектебі» бағдарламасы көмегімен қалыптасуы қажет.

Жыныстық тәрбие аса маңызды әлеуметтік және демографиялық, яғни мемлекеттік маңызға ие. Жыныстық тәрбие – қысқа мерзімді науқан емес, ол сабырлық пен педагогикалық көргенділікті талап ететін жоспарлы және жүйелі жұмыс. Оның негізгі міндеті қыздарды жеңіктен сақтау емес, оларды қоғамдық-жеке тұлғалық өмірін басқаруға үйрету болып табылады [15].

Оқушы оқу процесіне қызығуы үшін оны ақпаратқа қатысты саналы белсенділігін ояту керек. Оқушымен жана алынған ақпараттың сәйкестілігі күнделікті өмірде кезігетін жағдайлармен ұқсас келгенде ғана, бұл талап орындалатындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл көзқарас тұрғысында, біздің пайымдауымызша, биология және валеология пәндері ең оңтайлы мазмұнды база ретінде орын алады, себебі ағзаның кез келген функционалдық жүйесін зерттеу өмірлік іс-әрекеттің әрбір қырымен, оның ішінде жыныстық-рөлдік жағымен де тікелей байланысты.

Жыныстық тәрбие берудің табыстылығы оның қатысушыларының, мұғалімді қоса алғанда, өзара қатынасының деңгейімен анықталады. Өзара қатынас үш деңгеймен сипатталуы мүмкін:

1-деңгей – оқытушы әңгіме тақырыптарын өкілетті мемлекеттік органдардың негізгі ұсыныстарына сәйкес жоспарлап отырады.

2-деңгей – мұғалім мен оқушы бірлесе отырып, оларды қызықтыратын өзекті тақырыптарды таңдайды. Жұмыс түрлері: пікірталастар, сапарлар, сауалнамалар және т.б. Назарға алынатын мәселе – қарым-қатынастар мен ой-пікірлер.

3-деңгей – әңгіме тақырыптарын оқушылардың өздері таңдайды. Сабақтар еркін пікірталастар, рөлдік ойындар, «ой-талқысы», «өрмекті тұзақ» құру және т.б. қызықты әдіснамалар арқылы өткізілуі мүмкін.

Жыныстық тәрбие беру үлгісінің негізгі идеясы қыз балаларға тәрбие берудің ерекше әдістері мен тәсілдерін қолдану қажеттілігі болып табылады, себебі қыз балалардың өзіне ғана тән айрықша ішкі жан әлемі және қарым-қатынас ортасы-

ның ерекшелігімен байланысты. Жыныстық тәрбие беруге жүйелі-құрылымдық көзқарастың мәні негізгі үш позиция арқылы да ашылуы мүмкін. Біріншіден, біз жыныстық тәрбиені біртұтас педагогикалық процесс деп қарастырамыз, оған өзін-өзі тәрбиелеу, оқыту, өзін-өзі оқыту, білім беру мен өздігінен білім алу жатады. Екіншіден, жыныстық тәрбиені біртұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырамыз. Үшіншіден, жыныстық-рөлдік әлеуметтену үрдісіне жататын тұлғаны біз жүйелі білім беру ретінде қарастырамыз. Оның құрылымдық компоненттерін жеке даралық интегралды зерттеу тұрғысынан қабылдаймыз.

Жыныстық тәрбиеге кешенді көзқарастың мәні жасөспірімдерді жан-жақты тәрбиелеудің өзара қатынасынан көрініс табады. Жыныстық тәрбие адамгершілік, дене, эстетикалық, ақыл-ой және еңбек тәрбиелерімен тығыз байланысты. Бұл байланыс қыздардың бойында сезімдерді, саналықты, жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Дене шынықтыру сабақтарында қыздарға бөлінетін жүктемені есептеу қажет және жаттығуларды дұрыс таңдау қажет, яғни түрлі дене қасиеттерін дамытатын, әрі жүріс-тұрысының белгілі бір стилін қалыптастыратын жаттығуларды (дене бітімі, жүріс-тұрысы, қозғалыс динамикасы) таңдаған жөн. Жыныстық тәрбие эстетикалық тәрбиемен де байланысты. Мысалы, жыныстық ерекшеліктеріне қарай балалардың талап-тілектері ескеріле отырып, олардың бос уақыттарын ұйымдастыру. Байланыстың бұл түрі оқушылардың этикетпен, өзін дұрыс ұстау нормаларымен, сұлулық туралы түсініктерімен танысуларында байқалады. Білім жүйесін құру процесінде жыныстық тәрбиесінің ақыл-ой тәрбиесімен байланыстылығы: жынысы әр түрлі балалардың ойлау қабілеттерін ескеру арқылы білінеді. Жыныстық тәрбиесінің адамгершілік тәрбиесімен байланыстылығы балалардың қарапайым уәж түсінігімен танысуынан, жыныстары әр түрлі адамдардың қоғамдағы рөлдерінен, балалардың алдағы әлеуметтік функциясынан байқалады.

2.4 Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер мен сабақтан тыс шараларда бойжеткендерге адамгершілік тәрбие беру

Әлеуметтік-гуманитарлық циклды зерттеуде (тарих, әдебиет, ана тілі және шет тілдері, қоғамтану негіздері, құқықтану негіздері және т.б.) қазақ қыздарының инабаттылығын, әсемділігін, ибалылығын және даналығын дәріптейтін шығармаларды терең талдаған жөн. Сабақтың тақырыптары шамамен мынандай болуы мүмкін:

«Қыз Жібек – қазақ халқының ғасырлар бойғы сұлулық белгісі», «Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу» шығармасындағы адамгершілік мұраттары, қарым-қатынастарының тазалығы, сыртқы және ішкі сұлулықтың үйлесімділігі, қыз абыройының тазалығы; «Қыз абыройы, әйелге тән сұлулық, ошақтың сақтаушысы туралы халық мұраттары»; «Айман-Шолпан» лиро-эпостық дастанындағы қыздың ар-намысы, абыройы, кең пейілдігі, тапқырлығы мен батылдығы туралы көзқарастар».

«Қазақ халқының атақты қыздарының рөлдері, әйелдердің қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуына қатысуы» атты сабақтар циклін өткізуге болады: сақ

ханшайымы – Тұмар (Томирис), Әбілқайыр ханның әйелі – Бопай ана, қазақтың ғұлама ғалымы Ш. Уәлихановтың әжесі – Айғаным, Қалыңмал және көп әйел алуды жою туралы декрет авторларының бірі – Алма Оразбаева, Кеңес Одағының Батырлары атанған қазақ қыздары – Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлова, алғашқы комбайншы – әйел Кәмшат Дөненбаева және т.б.).

Сабақтан тыс шараларды өткізу барысында жасөспірім қыздардың бойындағы жоғары адамгершілік ұғымдарын тәрбиелеу арқылы («Ұлт анасы – халық қорғаушысы», «Сенің денсаулығың», «Сен – болашақ анасың», «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», «Зиянды әдеттер: салдары, тигізетін зардаптары» және т.б.) қыздардың жыныстық сауаттылығын арттыруға, инабаттылық, адалдық, әдептілік, ана тіліне, ұлттық дәстүрлерге сүйіспеншілігін, отбасы құндылықтарын сыйлауды тәрбиелеуге бағытталуы қажет.



Бағдарламаға белсенді өмірлік бағдарды насихаттайтын, өмірі мен еңбегі Отанымыздың гүлденуіне үлесін қосып жатқан – ардақты аналар, өнер саласының даңқты қызметкерлері, мемлекет қайраткерлері секілді әйгілі, танымал әйелдермен кездесулерді енгізген жөн. Мұндай әйелдер нәзіктіктің, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттердің, отансүйгіштіктің, қайсарлықтың үлгісі.

Тәрбие жұмысында жеке немесе топтық жұмыстарда педагогикалық жағдайға және қойылған мақсатқа байланысты: дәрістер, пікір-таластар, әңгімелер, жаттығулар, жеке дара кеңестер, рөлдік ойындар, ой-талқылары, медиация тәсілі және т.б. әдістерді қолдануға болады.

III тарау.

ОТБАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІ

3.1 Отбасылық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздері



Қыздардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу үдерісінде ұстаздардың отбасымен, ата-аналармен, әжелермен және аталармен жұмысына ерекше көңіл бөлінген. Ата-аналардың біліктілігі мен әлеуметтік-педагогикалық білімін арттыру мақсатында бағдарламаға «Ата-ана мектебі» атты жиналыстарды жүйелі түрде өткізуді енгізу қажет.

Қазақ отбасысының басты міндеттерінің бірі тәрбие болып табылады. Қазақ отбасысында қыздарға дұрыс тәлім-тәрбие беруге көп көңіл бөлінеді. Халқымыз қыз балаға қамқоршылық жасап, еркелетіп өсіргенімен, олардың тәрбиесіне көп көңіл бөліп, ешқашан босаң ұстамаған. Қазақтар өз қыздарына шаңырақтарының төрінен орын беріп, болашақта олар «Ел аналары» болады деп сенген [17].

Абай айтқандай: «Нашар тәрбие – болашақтың қайғысы», себебі қыздың абыройы – тұтас халықтың абыройы.

Қазіргі қазақ қыздары өз халқының тек жағымды қасиеттерін – ұлтының ерекше рухани байлығын бойларына сіңірген. Қыз балаға жүктелетін міндеттер салмақты – күйеуін күтетін жақсы әйел, оның ата-анасын сыйлайтын келін, болашақ ана болу.

Осы тұрғыдан отбасының рөлін, ата-ана міндеттерін қарастыру мәселесі өзекті болып табылады. Ата-аналар балаларына, ал есейген балалар – ата-аналарына жауапты болу керек. Осындай ұрпақтар сабақтастығының әр қазақ отбасысы үшін тәрбиелік мәні зор.

Қазақстанда отбасын нығайту мәселесі мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген. 2013 жылдан бастап қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтетін – Отбасы күні – отбасы құндылықтарының қоғам үшін маңызы зор екенін көрсетеді.

Отбасы күні адамгершілікті, руханилықты нығайтуға, неке құрудың жауапкершілік құндылығын қоғамда қалыптастыруға үлесін қосады. Отанға деген сүйіспеншілік отбасыдан басталады. Туған шаңырағында алған тәлім-тәрбие – бүкіл халықтың салауатты және табысты болашағының негізі.

Мемлекет отбасыдан басталатыны, қоғамымызда отбасы құндылықтарын нығайтудың маңыздылығы жөнінде Елбасымыз – Н.Ә. Назарбаев үнемі айтып келеді.

Қазақстанда отбасының бақытты өмір сүруіне, жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға барлық жағдайлар жасалған.



Алайда, бүгінде отбасы институты теріс үрдістерге ұшырап отыр. Толық емес отбасылар және некесіз туылған балалардың саны азайып жатқан жоқ, оның басты себебі азаматтардың басым бөлігі, әсіресе жастар, батыс елдеріне еліктеп тіркелмеген азаматтық некеде тұрып жатыр. Қыздардың адамгершілік пен руханилық құндылықтары, парызы, өзінің әрекеттері үшін жауапкершілік туралы түсініктерінің жойылуы, некеге деген көзқарастарының өзгеруі, үлкендердің нашар тәжірибесінің әсері (шиеленістер, опасыздықтар, ажырасулар) ерте және ретсіз жыныстық қатынастарға әкеледі, осының барлығы жасанды түсіктер санының өсуіне, сөз ауруларына және әйелдердің бала көтере алмауына әкеп соғады.

Қазақ халқының тарихына көз салсақ, соғыс пен ашаршылық жылдарында да, басымыздан өткен сан қилы қайғылы кезеңдерде де ата-бабаларымыз балаларын еш уақытта далада қалдырмаған, ата-анасы дүниеден қайтқан жағдайда баласы туған ауылында қала береді. Балалар үйлері де болған жоқ, ал қазір жас қазақ аналары өзінің балаларын тастап, тәрбиелеуден бас тартатын жағдайға жетіп отыр. Ерте жас шағында бала көтеру, тәрбиелеуден және ата-ана міндетін атқарудан бас тарту жағдайлары жиілеп кетті.

Бұл үрдістер қоғамда көптеген әлеуметтік проблемалар тудырып отыр.



Қыздардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен өмірлік ұстанымдарын ескере отырып ұстаздардың және ата-аналардың күш-жігері қыздарына «достық», «махаббат», «сенім», «адалдық», «отбасы» сияқты адамгершілік ұғымдарының қалыптасуына бағытталуы қажет.



Қыздардың дәстүрлі мәдениет тұрғысынан тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөліну керек. Жас қыздарға, соның ішінде қазақ қыздарына, жат діни қағидаларға қарсы тұру қабілетін қалыптастыру, исламның рухани-адамгершілік негіздерін және дәстүрлі мәдениетті бойларына сіңіру өзектілігі айқын болып отыр.

Ата-аналарға қыздарының жоғары моральдық-этикалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында (инабаттылық, әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, нәзіктілік) әдептілік және отбасы өмірінің психологиясы тұрғысынан жеке үлгі көрсету, тәлім-тәрбиелік әңгімелер, үй ішіндегі жұмысты бірігіп атқару және серуенге бірге шығу, егде адамдарға, жасы үлкендерге, туысқандарға көмек көрсету, отбасылық мерекелерге қатысу, жасөспірім-қыздарын қызықтыратын киноны бірге қарап, оны талқылау, отбасылық бюджетті жоспарлау, жаңа киім сатып алу және т.б. шаралар ұйымдастыру қажет.

Бұл мәселенің педагогикалық аспектісі мектеп пен отбасы міндеттері қызметтерін біріктіріп, балаларға қойылатын талаптарды бір жүйеге келтіріп, қыздарды тәрбиелеу барысында бір-біріне қайшы келмейтін алуан түрлі әдістерді қолдану.

3.2 Қыздар тәрбиесіндегі әкенің рөлі

Отбасы саясаты тұрғысынан есейіп келе жатқан қыз бала үшін ананың рөлі үлгі-өнеге тұрғысынан зор маңызға ие екендігі сөзсіз.

Бірақ, тәрбие үдерісінде әкенің беделін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі жағдайда ер азаматтардың және әкелердің беделін, әке болу мәртебесін, алуан түрлі нысандар арқылы (әке кеңестері, жас әкелер қозғалысы, салауатты өмір сүру салтын насихаттау, отбасылық кәсіпкерлікті дамыту, отбасылық ансамбльдер құру, әр түрлі сайыстар ұйымдастыру және т.б.) көтеру қажет, қызды тәрбиелеудегі әке рөлінің маңыздылығын арттыру тиіс.

Әке – қыз баланың туылған кезінен бастап өмірінде алғаш рет көретін ер адамы. Дәл осы кезден бастап өзін-өзі сәйкестендіру басталады: «мен – қызбын, сен – ұлсын» басталады. Әке мен кішкентай қыздың арасындағы қарым-қатынастарға келешекте ер адамдармен қандай қатынастары болатыны және болашақ ересек өмірі қандай болатынына байланысты. Өкінішке орай, қазіргі әкелер ақша табу қажеттілігіне байланысты өз қыздарына аз уақыт бөледі, сол себептен негізгі тәрбиелеу әдісі **жеке бас өнегесімен тәрбиелеу** болып табылады.

Бұл нені білдіреді? Ол дегеніміз – күнделікті өмірде қуанышқа бөлену. Бірлесіп саяхат жасау, шаңғы тебу, кемеде жүзу және басқа қауіпті іс шаралар қыз балаға білімін арттыруға және жағымды сезімдер алуға мүмкіндік береді, осындай шараларды ұйымдастыруға анасына қарағанда әкесінің жағдайы молырақ.

Жеке бас өнегесінің екінші жағы **ақшаға деген қатынасқа тәрбиелеу**. Әкелері пайдакүнем емес, ұқыпты болса, отбасының қажеттіліктеріне түсіністікпен қараса, үйдегі соңғы ақшаны ішімдікке жұмсап қоймаса, қызы да әкесіне ұқсайтын ер адамды іздейтін болады.

Жеке бас өнегесінің енді бір қыры – **сезімдік және эмоциялық байсалдылыққа тәрбиелеу**. Аналар, әдетте, педагогикалық қателерге әкеліп соғатын эмоцияға көбірек беріледі. Сол кезде әкенің эмоциялық байсалдылығы, оның оқыс жағдайларды парасатты көзқараспен бағалай білу қабілеті қыз бала үшін келешектегі өміріне жақсы үлгі-өнеге болады.

Байсалдылық есейіп келе жатқан қызға эмоциялдық қолдау көрсетуді жоққа шығармайды. Осы кезде әкесінің ақыл сөзі мен басқа әйелдермен қарым-қатынастары негізінде жинаған өмірлік тәжірибесі қажет болады. Көп жағдайда оларға тек шерін тарқатып «өкінбе, сен менің ең керемет қызымсың!» деген сөздер қажет [18].

«Ең керемет» деген сөздер әкелік тәрбиенің ұранына айналу керек. Осы сөздер қыздың бойындағы нәзіктік қасиетін қалыптастырады және өзіне-өзі сенімділік сезімін нығайтады. Әке қыздың сыртқы келбетін мақтауымен қатар, тым өрескел боянуына сын айуы немесе шашылып жатқан бөлмесін жинау туралы ескерту жасағанда сыпайылық танытқан жөн. Ақылды әкелер мұндай кезде өз ойларын әзілмен жеткізіп, қыздарына қатты тіл тигізбейді. Ақылды және жақсы көретін әкелер қыздарын еркелетіп, сұрағандарын сатып алып береді, серуенге бірге шығып, қыз өмірінде маңызды рөл атқарады. Ең бастысы – ұрпағынды жақсы көру керек, сүйіп, мақтаныш тұту керек. Бір күні есейген, сұлу, ақылды, сыпайы, нәзік қызыңмен қолынан ұстап жүргенінде өзіңді жер бетіндегі ең бақытты адамдар қатарына жатқызасын!



ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда көтерілген мәселелерді қорыта келе, қыздардың рухани-адамгершілік мәселелерінің басым бөлігін қоғам, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген, қазақстандық отбасының мәртебесін арттыру және нығайту негізінде шешімін таба алады.

Мектептегі және отбасындағы оқу-тәрбиелік процесті гендерлік көзқарасты және «ұстаз-оқушы (қыздар)-отбасы» ынтымақтастығын ескере отырып құру қажет.

Ата-аналар қыздардың бойына биік адамгершілік-этикалық қасиеттерін (инабаттылық, әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, нәзіктілік) сіңіру мақсатында отбасылық өмірдегі әдеп пен психология мәселелері бойынша жеке өмірінен оң мысалдарды, әңгімелесуді, үй ішіндегі жұмысты бірігіп атқаруды және серуенге бірге шығуды, жасы үлкен туысқандарға көмек көрсетуді пайдалануға кеңес беріледі.

Проблеманың педагогикалық аспектісі **мектеп пен отбасы жұмысын біріктіруде** болып табылады, бұл балаларға ортақ талаптар қоюды, қазіргі заманғы қыздарды тәрбиелеудің бір-біріне қарама-қайшы келмейтін сан алуан әдістері мен тәсілдерін білікті қолдануды көздейді.

Қыздардың рухани-адамгершілік қасиеттерін жандандыру, оларды келешекте толыққанды, салауатты және бақытты отбасы өміріне дайындау қажет.

Педагогикалық құбылыс ретінде адамгершілік тәрбие қыздардың адамгершілік өмірін, олардың тұрмысын ұйымдастыратын және реттейтін дамытуға және нығайтуға бағытталуы тиіс.

Осыған сәйкес, адамгершілік тәрбиесі процесін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық маңызды принципі оның жүйеге келтірілген тізбекті кезеңдері болып табылады.

Бұл кезеңдердің барлығы қазақ әйелінің бойына сіңірген биік әрі кіршіксіз сезімдерін – Отанға және туған тіліне сүйіспеншілік, халықтық салт-дәстүрлерді сыйлау, адалдық, инабаттылық, айналадағы адамдарды құрметтеу, ар-абыройы мен қадір-қасиеттері сезімдерін нығайтып, мадақтаған сан ғасырлық ұлттық дәстүрлерге негізделуі тиіс.

Әдістемелік құрал иллюстрациялармен безендірілді (материалдар ашық қолжетімді интернет дереккөздерінен алынды).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхтаров У. «Повышение духовно-нравственного облика молодёжи в гражданском обществе в Узбекистане» // <http://credonew.ru/content/view/1195/68/>.
2. Исрафилов Р.С. Духовно-нравственное воспитание учащихся на традициях народов Дагестана. Автореф. дисс... к.п.н. - Махачкала, 2001.
3. Мұрадова М.А. Трудовое и нравственное воспитание девушек в туркменской семье: традиции и современность. Автореф. дисс... Ашгабад, 2002.
4. Федосеева И.А. Моделирование образовательного процесса в современной школе на основе гендерного подхода. - Новосибирск, 2006. www.dissercat.com/.../modelirovanie-obrazovatel'nogo-protsessa-v-sovrem...
5. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012. - с.33.
6. Сарыбекова Ж.Т. Подготовка будущих учителей к воспитанию девочек-школьниц средствами казахской народной педагогики. - Астана, 2004.
7. Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана от 14 декабря 2012 г. «Стратегия «Казахстан-2050. Новый политический курс состоявшегося государства» http://akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-14-dekabrya-2012-g_1357813742.
8. Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития. - 2-е изд. - Казань: Центр инновационных технологий, 2000. - 608 с.
9. Глазкова Т.Н. Самооценка духовно-нравственных качеств личности подростков профильных спортивных классов. // Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2009. с.59-63.
10. Внеклассные мероприятия: 8 класс /Авт.-сост. О.Г.Черных. - М.: ВАКО, 2011. - 272 с.; 9 класс, 2011. - 256 с.; 10-11 классы, 2012. - 272 с.
11. Акутина С.П. Формирование у старшеклассников семейных ценностей во взаимодействии семьи и школы // Журнал практической психологии и психоанализа, 2010, № 3, с.12-17.
12. Внеклассные мероприятия... Там же.
13. Назарбаев Н.А. Там же.
14. Казахстан в Индексе глобальной конкурентоспособности ВЭФ 2012-2013. - Астана, 2012//<http://www.economy.kz/>.
15. Чернышева С.В. Научно-практические основы полового воспитания девочек-подростков в учебно-воспитательном процессе школы: диссертация ... канд. пед.наук: - Владикавказ, 2008. - 198 с.: ил. РГБ ОД, 61 08-13/1170.
16. Ғаббасов С. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. Оқу құралы. - Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. - с.51.
17. Василенков С. Воспитание девочки отцом – тонкости процесса / Психология, Дети//<http://efamily.ru/articles/109/1530>.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
<i>I тарау.</i> Оқу-тәрбие үрдісінде қыз баланы тәрбиелеудің ғылыми-практикалық негіздері.....	6
<i>II тарау.</i> Қыз балаларға және бойжеткендерге тәрбие беруді ұйымдастырудың түрлері мен әдістері.....	13
<i>III тарау.</i> Отбасының тәрбиелік әлеуеті.....	34
ҚОРЫТЫНДЫ.....	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

Басуға 29.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5. Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 242. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.